


84 (5 Ka.3) 6  
0-54

Сабырбек Олжабаев



Сабырбек Олжабаев

# МҮСӘТІР

сын-сықақ, өлеңдер



ОБЛЫСТЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ӘДІБАТ  
КІТАПХАНАСЫ

А.С. ТУШКИН АТЫНДАҒЫ  
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСТЫҚ ӘМБЕБАП  
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ

«Шекер» баспа фирмасы

Шымкент • 1996

КІТАП САҚТАУ

БӨЛІМІ



Тұңғыш жинағымды балаларының қызықшылықтарын көре алмай өмірден ерте өткен әкем ДӘНИҚҰЛ мен шешем РАЗИЯҒА және сабағынан ерте үзілген қызғалдағым - қызым МӨЛДІРГЕ арнаймын.

**АВТОР.**

**О**ңтүстік өлкеінің түлеп, облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газеті мәдениет, әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі, әзілге әзір әріптеміз Сабырбек Дәніқұлұлы Олжабаев өз кітабын оқырмандарына ұсынуда еш асыққан емес. Десең те, қояр да қоймай, өздер дегенде бір жинағын дүниеге келтірдік-ау, шіркін. Құдайдың мұнысына да шүкір!

Баршаға бұрыннан белгілі журналист жігіт бүгінде Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының жанынан құрылған «Найзагер» сықақшылар қауымдастығына да қатысы бар. Құдай қаласа, осы кітабы арқылы оқырман жүрегінен жылы орын аларына сенімдіміз.

Қысқасы, «жүзі жылыдан түңілме» дегендей, тілінің қотыры, жазғанының шотыры болса да, уытымен баурап әкететін сықақшы - ақынның тұңғыш жинағы талғамыңыздың төрінен лайықты орнын табары сөзсіз. Оқыңыздар, күліңіздер, Сабырбек есімді жігітті біліңіздер!

**РЕДАКТОР.**

ISBN 5-8380-0724-9

© «Шекер» баспа фирмасы

## АВТОРДАН

Баяғыда бір ашы суға құмарлау ағамыз қызыңқырап келіп моншаға түскені бар. Ішіне от түсіп, тиісەرге қарз таппай қағынып тұрған оған қатарластары: «Сен парда /буда/ ұзақ отыра алмай-сың» деп қолтығына су бүркіп жіберген. Сірә, сүзеген сиырдай көрінгенге сүйкенип жүрген одан құтылғысы келген болар.

Қызып алған әңгүдік өлгенін білсін бе, бұға қойды да кетті. «Менің керемет шыдамды екенімді жалаңаш жұртым білсін» деп нарттай қызарған сабаз буда буырқанып тапжылмастан сағаттап отырып алсын. Бір кезде гүрс етіп құлап түскенде, алаңсыз отырған Аңырақай шал шошып кетіп, шайтан көрген ешкікөзденіп ес-түс қалмай сүп-сүр-болып далаға дамбалшан далбалақтап атып шықты. Жұрт үрпиісіп қалды. Тіл-ауыздан айырылған Аңырақай шал монша ішіне қарай қолын ербөндегіп зәре-құтын алған «сайтанды» көрсетіп, айтпағын ыммен білдіреді. «Бұға кіріп кеткен бұл не тәле» деп жігіттер ойыр-топыр бұға кірсе, әлгі әңгүдік ағамыз тайқар тастап кеткен тезектей домаланып тақтай үстінде толыстай боп талықсып жатыр. Содан төрт-бес жігіт жабылып жүріп әзер дегенде домалатып таза ауаға алып шыққанда өлген адамдай бық-сылқ етіп жатқан оны көргендер шошып-ақ кеткен. Тек тез есін жиған моншашы шал болды. Ол:

- Ойбай, кемпір! Мына жыңды сөрлап қалыпты ғой. Мүсәтір әкел. Иіскетейін, - деген.

Кемпір шыны құтыдағы әлдебір сұйықты шалының қолына ұстата салды. Моншашы қарт құтыдағы сұйықты май сінген кір-кір ескі шүберекке тамызып, аунап жатқан ағамыздың мұрнына тақағаны сол еді, «өліп жатқан» диюымыз сығырайып көзін ашқан. Өзі орнынан тұра алмай өгіздей өкіріп жатқан «парға шыдамды» пәтшағар:

«Кім-ай, мені ұрған? Қырамын да жоямын,» деп екі көзі сүзетін бұқаныкіндей шатынап, көзінің қарашығы әрі-бері қатынап өкіріп шыға келсін.

Міне, мүсәтірдің күдіреті осындай.

Ауылдық жерлерде аталарымыз бен әжелеріміз «нашатыр-ный спиртгі» қысқартып әрі өз тілдеріне икемдеп «Мүсәтір» дей салады. Бұл дәріні көбінесе оқыс есінен танып қалғанда пайдаланады. Нарық «камьтына» жегілген халық бүгінде сен соққан балықтай сансырап, тосыннан келген тауқымет салдарынан естерінен танып, әрі-сәрі күйде жүр. Осындай кезеңде оларға «иіскететін» дәреметті дәрі ретінде қолдарыңыздағы кітапты ұсынып отырмын. Есенбіреген халықты оқыс селк еткізіп, «оятуға» пайдасы тиіп жатса, менің де борышымның өтелгені.

«Мүсәтір» сіздерге жүз әтірдің хош иісін сыйласын. Күлкіге көміліг, шаттыққа шомылып, арқа-жарқа, шат-шадьман күліп-ойнап жүре беріңіздер!

**Оқырмандарға деген игі тілекпен:  
Сабырбек Дәнікүлұлы ОЛЖАБАЕВ.**

# БІРІНШІ БӨЛІМ

Жалбақтау... қалбақтау...

## АЙЫҚТЫРҒЫШТАҒЫ «ЖАҢА ЖЫЛ»

Өткен Жаңа жыл кешінде  
Айықтырғышта отырғаным есімде...  
Себебі:  
Тап 31 желтоқсан күні ішіп қалыппын,  
Мас болып сонда түсіп қалыппын.  
Биыл бір жақсылап қарсы алайыншы деп,  
Балмаскарадына барайыншы деп,  
Қымбат костюм-шалбарымды,  
Ақ көйлек, галстук, барымды,  
Киіп үйден шығып едім,  
Сотқарбай досым жолықты.  
Ол «түйені түгімен жұтатын» еді.  
Картадан сұлдық ұтатын еді.  
Арақты шелектеп ішетін еді,  
Ауық-ауық милицияның «қонақ үйіне» түсетін еді.  
« Бәке, » деп жаны қалмай қарсы алды.  
Бостау неме едім өзге көңілін жықпайтын,  
Сәл қолпашына асып-тасыппын.  
Күле қарағанына жүре қараудың орнына,  
Күшағымды ашыппын.  
Сол неме сөзге шешен еді.  
«Үй» деді, «бүй» деді,  
Мені ресторанға сүйреді.  
Ресторанда:  
«Келе жатқан Жаңа жылыңмен!» деп іштік,  
«Үйіндегі дүниеге келген гүліңмен» деп іштік.  
«Балаларыңның жасы жүзге жетсін» деп іштік,  
Бізге жамандық ойлағандар »  
Қысты күні мұзға кетсін» деп іштік,  
Не керек, іше беріппіз, іше беріппіз.  
Бір кезде Сотқарбайдың алдында едірендеп тұрғанымды  
білемін,  
Енді бірде оны құлақ шекеден ұрғанымды білемін.  
Ол да ұрса керек,

Мұрттай ұшыппын.  
Сол жерде жатып көл қылып құсыппын

Енді бірде көзімді ашсам  
Үйреншікті камераға түсіппін.

Ал, жанымдағы Сотқарбай,

Өз үйінде жатқандай,

Қорылдап жатыр.

Үйқының жоспарын

Орындап жатыр.

Қызметі қарауыл ғой,

Соны да біреу «сергек» дейді-ау,

Үстінен трактор өтсе де,

Селкетпейді-ау.

Жұлқылап әрен ояттым.

Ол түсінбей ары тұрды да, бері тұрды да:

« Осы біз қайдамыз? » деді,

« О, керемет жайдамыз! » дедім.

Тоңғанымыз сонша тауықша қыт-қыттадық.

Кім құттықтасын бізді енді

Бір-бірімізді құттықтадық.

Өзімнен де кінә бар,

Қабак шытып ешнәрсә білдірмедім,

«Жаңа жылыңмен!» деп мен де міңгірледім.

## **МҰҚАҢ ДА КЕШКЕ КЕЛЕ МЕ?**

Білімкүл жиырма-отыз жылдан бері

Қазақ тілі мен әдебиетінен

Басын жарып, көзін шығарып сабақ береді.

Сонда да әтер сабағына дайындалып,

Кітап, дәптеріне қарап келеді.

Ауыр жүктің бір шетін көтерісіп,

Мектепте көп кәдеге жарап келеді.

Егер оны түн ортасында оятсаң да

Қазақта қанша ақын, жазушы бар екендігін

Түгін қалдырмай басынан ұрып санап береді.

Сол Бәкеңнің

Кейде белгілі ақындардың

Өлеңдерін жатқа айтатыны бар.

Әдебиет жайлы әңгіме бола қалса,

Дүниежүзінің ақын-жазушыларын

Түгелдеп қайтатыны бар.

Өзіндік пікір, көзқарасы да айқын.

/Онымен таласатын әй, кім?/.

«Пәлен деген ақын әлі талайды тамсандырады» деп

Баға беріп, өзінше бал ашатыны бар,  
Тіпті “әдебиет теоретигі” атанған  
Күйеуімен де таласатыны бар.

Бірде сол Бәкене  
орталық кітапхананың қызметкерлері  
Қысылып тұрып,  
Шақыру билетін ұсынып тұрып,  
Бұйымтайлазын білдірді.

- Бәке!

Өзіңізде бір шаруа болып отыр.  
Қазақтың маңдайындағы шоқ жұлдызы  
Мұқағали аға алпысқа толып отыр  
Соған орай әдеби кеш өткізсек деп едік.  
Ол кісінің шығармашылығын терең білетін  
Бір адам емге табылмай,  
Бастығымыз шілде күнінде-ақ қалшылдап  
Кабінетінде тоңып отыр.  
Бір білсе Мұқағалидың шығармашылығын  
Бәкең біледі деген  
Жақсы бір идея менің басыма қонып отыр.  
Сізден отініп сұраймыз  
Білімдарлығыңызды көрсетіп  
Кешімізді жүргізіп беріңіз, - деді.  
Ертен кешке Мәдениет сарайына келіңіз, - деді.  
- Бәрің келіп жиылып,  
Қоймадыңыздар ғой қиылып.  
Мұқаң да кешке келе ме?  
Ақын ағаны көріп қалайық  
Тұрған кезде бұйырып, -  
Деп Бәкең кешті жүргізіп бергені үшін  
Кейін өзіне де сый көрсету керектігін  
Ыммен ғана жай ұқтырды.  
Ал, кітапханашылар  
Төбесінен жай түскендей тосырқап,  
-Сенген қойым сен болсаң...- деп  
Келген іздерімен тайып тұрды.

## **ЗӘУЛІМ САРАЙ**

Бас маман Мақан  
Директор болғалы  
Алты бөлмелі үйі тар көріне бастады,  
Ал, сның он екі бөлмелі кең сарайда отыруға  
Күқысы бар көріне бастады.

Өзім дардай директормын,  
Бір ұжымды тіреп тұрмын.  
Келім-кетім адамым бар  
Кешке шақырып алып  
Оңаша мәслихат құратын  
Отызға жуық мамаһым бар.  
Аудан, облыстан келетін акілдерде,  
Бастықтың үйінде жатуы керек.  
Біздің бәйбішенің қолынан  
Дәм татуы керек.  
Демек, үйді кеңейтудің  
Сөкеттігі болмайды.  
Мұны мамандарым да қолдайды» -  
Деп бастық ойға берілді.  
Қиялына қанат бітіп,  
Жымып күліп, керілді.  
Әрине, бастық ойлады екен,  
Ол міндетті түрде орындалады.  
Қарсы келетін біреу табылса,  
Оны сол сәтте-ақ орнынан алады.  
Прораб директордың ойын  
Алдын ала сезіп қойған екен.  
Қалай үй кеңейтудің жоспарын  
Өзі пішіп, кесіп қойған екен.  
- Биыл тұрғын үй салуға  
Көп қаржы бөлінген еді,  
Олардың материалдары да  
Алдын ала берілген еді.  
Солардың төрт пәтерлік үйін біріктіреміз.  
Керемет сарай болады.  
Іші жиһазға толады.  
Шатырын биік өтеміз,  
Сіздің мәртебеніздей асқақтап тұрады.  
Үйіңізді көргенде-ақ  
Кейбіреулер иіліп, жасқаншақтап тұрады.  
Оңашалау жерге айналасын қоршатып үй саламыз,  
У-шудан миыңыз ашымайтын болады.  
Су жүйесін келтіреміз,  
Жеңешеміз көшедегі колонкадан  
Су тасымалдайтын болады.  
Ал, енді үйіңіздің іші-сыртын  
Безендіру жағын қатырамыз.  
Осыларға кеткен қаржыны



“Суға сіңген тамшыдай батырамыз”, – деді  
Бұл пікір директорға ұнап қалды.  
Қамқорлыққа көңілі босап “жылап” та алды.  
Содан ұжым құрылысшылары  
Жинастырып қойып бар істі,  
Үй салуға кірісті.  
Айналасы алты айда  
Зәулім сарай салынды.  
Құрылысшылар, рақ, шетінен мақталып жатты.  
«Төрт пәтерлі үй мерзімінен бұрын бітті» деп  
Кұжаттары да қатталып жатты.  
Қазір директор сол сарайында,  
Ешкім бара алмайды манайына.  
Ал, пәтер сұраушылар бастықтың ескі үйіне таласып жүр,  
Қалғандары «бізге қашан жайлы жай болады» деп  
Өздерінше бал ашып жүр.  
Алайда, үш отбасы пәтерсіз қалды деген  
Қаперінде жоқ.  
Директор кетіп барады көңілі тоқ..

\*\*\*

Кейбіреулер ауылда тұрғын үй салу тапсырмасын  
Тап осылай орындап жүр.  
Сөйтіп, кеудесіне нан пісіп  
Зәулім сарайларында дамылдап жүр.

## ДӨҢ МИНЕЗ

Қитықтың қырсықтығына  
Найза бойламайтын.  
Ол мұны бойына мін деп  
Әсте ойламайтын.  
Бірде оның сүйген Сәулеші:  
- Осы, сенің атыңды неге Қитық қойған? -  
Деп сұрақ қойды.  
Сол-ақ екен Қитық  
Асау аттай ерін бауырына алып тұлады.  
(Қыздың қорыққанынан жүрегі зулады).  
- Сенін де атың оңып тұрған жоқ,  
Одан да сүймеймін деп, тура,  
Шыныңды айтпайсың ба, дура? -  
Деп қызды бір орысшасымен  
Сынап кетті.  
Бойжеткен болса теріс айналып  
Жылап кетті.

Бір күндері Қытық қыздың  
Басқан ізіне зар болып жүр  
Қабағының асты қырау  
Үсті қар болып жүр.  
Өз мінезі өзіне тар болып жүр.

\*\*\*

Қиын-ау қызға сиынбау.  
Мінездің кейде осындай  
Дөң болғаны да қиын-ау.

### СҮРІНДІРДІ «СҰЛУЛАР»

Мен қаршадайымнан қағынып,  
Сұлуларды көрмесем өлердей сағынып,  
Жүректің әміріне бағынып,  
Үйтіп-бүйтіп оларға жағынып,  
Ержеткендіктің белгісі деп,  
Үстіме оны-мұны тағынып,  
Сылқымдарға тәнірімдей табынып,  
Кеудемнен жыр-дария ағылып,  
Көп күлімкөзге ғашық болып  
Жастайымнан желіккен жұлымырмын.  
О, несің айта берейін құрығырдың.  
Әуелгі сүйгенім Шырын еді,  
Ол менің жазылмай кеткен жырым еді.  
Шырың десе шырын -  
Шіркіннің тәттісің-ай!  
Оныменен болғанымда буын-буыным босап,  
Әлденелерді айтып сандырақтап, көзіме жас ап.  
Аяқ-қолдарым дірілдеп,  
Еркімнен айырылып,  
Оған қайта-қайта күлімдеп,  
Аймалап,  
«Менің аспандағы Күнім» деп,  
Бір тәтті елеске беріліп,  
Үйге қайтуға ерініп,  
Шырынменен шалқып,  
Қиял құшағында қалқып.  
Быламықтай балқып,  
Қолымды оның қыпша бөліне салатынмын.  
Қасында қонып қалатынмын.  
О, несің айтасыз, тәтті еді ғой  
Тәтті еді.  
Алайда, кейде мінезі тым қатты еді...

Бір күні Шырыннан жерідім,  
Енді Алмашның сүймек болдым ерінін.  
Оған да құлай берілдім.  
Талай жерге қонып қалып,  
**О, несін айғасың**  
Рахатын кордім өмірдің.  
Алмашканы аймапалап,  
Күйі келіп тұрғаннан соң көңілдің,  
Өзім де біраз семірдім.  
Оның ыстық құшағына  
Ес-түссіз біраз көмілдім.  
Ол да мені сыйқырлап,  
Оңайлықпен жібере қоймады.  
Талай төтті түндерді түгесіп,  
Орыңдалып жатты ойдағы.  
Кейде тіпті ыңғайсызданып та қалам  
Ерсілеу істер еске түссе сондағы.  
Расында, Алмашка қыз еді ғой  
Бұзылмаған қаймағы.  
(Еске түсіп кетеді екен қай-қайдағы).  
Бір күні Алмашка  
Менің жөнiл мiнезiмдi жақтырмады,  
Мен де оның айтқандарына так тұрмадым.  
Ажырастық.  
Енді, Гүлнарға үйлендім.  
Жас иіс қой,  
Бір рахат күйге ендім.  
Сөйтіп жүріп Талмашкаға сүйкендім.  
Талмашкаға тақай бергенім  
Гүлнарға ұнамады.  
Ұнамаған соң  
Ол да мені қуалады.  
Енді неде болса деп,  
Өзге ұлттың өкілі Марияға түйістім.  
Өліп-талып сүйістім.  
Мәкеңменен де біраз отастым,  
Бір күні тағы шатастым.  
Кілең шет елдің сұлуларына сұқтанатын болдым.  
Әйтеуір, қарап жүрмей өзіме жұп табатын болдым.  
Фигурасы қандай керемет!  
Тағы да рахатқа баттық не керек.  
Баяғы Шырын сияқты ауызы сасық емес,  
Мойынынан жұпар иіс аңқып тұрады.

Қайдан шыға келеді деп,  
Мына сабазым оларды аңдып тұрады.  
Киімдері де, тұлғасы да сұлу.  
Тұла бойыма тарап жатты жылу.  
Мен тәрізді табанының бүрі жоққа  
Шет елдің сұлулары да тұрақтамады.  
Мені шырылдатып біреулер жырақ қамады.  
Сұлулармен тұрғанда талайларға секірген екем,  
Әкемді танытып тұрып сабады.  
Тағы да өздері шеттерінен білгіш,  
Барлық бәлені сұлуларыма жабады.  
Расында, өз-м де торғайша тозып кеткен өдім,  
Ол бәлелерді неге жастайымнан өпкен өдім.  
Қазір не үй жоқ,  
Не күй жоқ.  
Денсаулық тынған,  
Қол-аяқ бірнеше рет сынған.  
Бет-ауыз ісінген,  
Кісі қорқады түсімнен.  
Ауылдағылардың сорлысы да езі мен,  
Ағайындарым да менен күдер үзіп, безінген.  
Осыншама қалға жеткізген  
Сол «сұлуларым» кім еді?  
«Талас», «Портвейн», «Шырын», «Алма дәмі», «Гүлнар»  
«Порте Мария» десем  
Жұрт оларды біледі.  
Сондай сыйқырлы сұлулармен серуендеудің,  
Соңы осыған әкеліп тіреді.  
Ех, табылар ма екен  
Сұрап алған аурудан  
Жазылудың бір емізі!

## ЖАЛБАҚТАУ МЕН ҚАЛБАҚТАУ

Шағын жұымда айналдырған он кісі,  
Екі жарға жарылып жаға жыртысты.  
Бірімен бірі келісе алмай,  
Үдетті айқай, айтысты.  
Өрттің тұтануына,  
Бастықтың озбырлығы, басымуы себеп болды.  
Оған тек жеу жағы ғана керек болды.  
Содан төмендегілер әділдік іздеді.  
Шындықтың жеңетінін ең күдерлерің үзбеді.  
Сөз жоқ, әлсіздің аты әлсіз.

Олар тек өз арларына жүгінеді  
Ал тоңмойын бастық болса  
Көкелеріне “мені қолдай гөр” деп жүгіреді.

Кім жеңеді?

Ол жағы әзірге белгісіз.

Қазір ұжымдағылар,  
Екі командаға топтанып алған.

Әрине, мұндайда әділдік адыра калып,

Астыртын жұмыс жүргізіп,

Қулықпен көп дауыс алған жеңеді,

Сондықтан да илікпейтін бәсекең,

Әркімге бір жалтақтап,

Айтқандарына көнеді.

Осы кезде төменгі топтан

Бастық орнында қалып қойса,

Оны жоғарыдағылар да демеп,

Бізге өмірбақи таңып қойса.

Қызметімнен қоштасармын,

Содан соң қайда барып дос табармын?

«Сиынғанынан сүйенгені күшті» деп еді,

Жеккөрінішті болмайын.

Ертең шапағаты тиіп жүрер,

Бәсекеңді қолдайын» -

Деп жалтақтаушылар шыға бастады.

/Сірә, бастықтың осал емес екенін ұға бастады/.

Осылай екіжүзділер

Бар ұятты жиып қойып,

Арларынан мансабын биік қойып,

Күштілерге елпектейтінді шығарды.

Достары бастықтікі озбырлық екендігін түсіндірсе де,

Сөлк етпейтінді шығарды.

Әділдік кейде осылай әлсірейді,

Мансаптыға мүмкін бе сиынбау?

Алайда, өз ортасында табанында бүрі жоқ,

Тайғанақ, сатқын атану қиын-ау.

## **ҚАЗАҚТАРДЫ ШЕТЕЛДІК ҚОНАҚТАРҒА ТАНЫСТЫРУ**

«Вольво» мінген жігіттері алып қой,

Дос келді деп

Жасап жатыр анық той.

Тұңғыш рет көріп тұрсын сен оны

Жомарт қазақ, осы, міне,

Таңып қой.

**\*\*Баю, ішу, тою ғана бар арман,**

**Семіретін қазақ осы**

**Қараңдар!**

Қазақ осы:

Ұрлық істеп,

Түрмеде

Бар өмірін

Өткізуге жаралған.

Қазақ осы:

Ашпайтұғын елге сыр.

Пайдасы жоқ,

Ешкімге де. Ол - кесір.

Қазақ осы:

Аңғал-саңғал

Ауылда,

Қазақ осы:

Қиға батқан

Көл-көсір.

Қазақ осы:

Дала дейтін,

Күн дейтін.

Қазақ осы:

Бірін-бірі күндейтін.

Қазақ осы:

Біреу шықса

Жарқырап.

Өсек айтып

Ту сыртынан күндейтін.

Мейлі өлгін,

Мейлі тіріл

Бәрібір,

Көмектесуді бір-біріне білмейтін.

Қазақ осы:

Тас түйілген қабағы,

Қара, әне,

«Вольво» мініп барады.

Ревизор келсе

Шабылып-ақ қалады.

Ағайынға табылмаған теңгені

Олар келсе оп-оңай-ақ табады.

Байқа да түр

Саған да ол көтерде

Ат мінгізіп,

Жібек шапан жабады.  
Қазақ осы:  
Қиялменен самғайтын,  
Үйден ұзап, алыстарға бармайтын  
Қазақ осы:  
Білім десе ауырып,  
Ал, ұйықтаудан  
Алдына жан салмайтын.  
Қазақ осы:  
Қарындасын сыйлайтын.  
Алып қашып  
Әйелім бол деп қинайтын.  
Қазақ осы:  
Дүние мен малыңды  
Пара беру үшін ғана жинайтын,  
Қазақ осы:  
Ішудейін ішетін.  
«Он бес күнге»  
Жиі-жиі түсетін.  
Өзді-өзімен  
Қырықпшық боп күнде .  
Шекелері  
Мүйіздей боп ісетін.  
Қазақ осы:  
Кенге жайған қанатын.  
Көбейтпекке құмар олар  
Санатын.  
Кей қыздары  
Ұлды болып некесіз  
«Әкелері» жасырынып қалатын.  
Қазақ осы:  
Татулықты жақтаған.  
Арқаға ұрып  
Бірін бірі мақтаған.  
Жұлдыз болып жарқыраса біреуі  
Өсіруге ешқайсысы батпаған.  
Қазақ осы:  
Мал бағуға ерінген.  
Бар байлығы.  
Өзгелерге телінген.  
Қазақ осы:  
Әлімсақтан айтысып,  
Топ-топ болып

Үш атаға бөлінген

Қазақ осы:

Бар байлығым жер дейтін,

Қазақ осы:

Жерін түгел жайласа да жатжұрттық  
«Опасыздық жасайдыға» сенбейтін.  
Қызын алып, төрің билеп жатса да  
Кенпейіл ғой, ешуақытта кормейтін.  
Жомарттығын сен осыдан бағамда,  
«Тұрар болсаң жерім кен» деп ділмарсып,  
Енші берерсаған да,  
Шынында да қазақ ғажап халық қой,  
Аздап-аздап  
Намысын да жанып қой.  
Ақкөңіл ғой, кенпейіл ғой қашан да  
Қанжарын не?  
Қойнына оны салып қой.  
Дос құшағын көпсінбейді ешқашан  
Нағыз қазақ осы, міне,  
Танып қой!

## **СОТТАЙ ДА, ОТТАЙ ДА БІЛЕДІ**

Бізде бір содыр сот бар,  
Заң деген соның қолында.  
Керек кезінде жазалап,  
Көңілі түссе ақтай да біледі.  
Кейде қатты кетсе,  
Арыңнан аттай да біледі.  
Кінәсізді жазғырып  
Аузына не келсе соны оттай да біледі.

Ең кереметі -

Айран ішкенді құтқарып,  
Шелек жалағанды соттай да біледі.  
Сондықтан кейбіреулер оның құдіретіне табынып жүр.  
Аяғына жығылып,  
Әлденелерді сыбырлап, жалынып жүр.

## **ЕГЕР МЕН ДЕПУТАТ БОЛСАМ...**

Жолдастар!

Алдарыңызға шығып, өзімнен өзім қысылып тұрмын.  
Сонда да болса ешкімге сенбей,  
Депутаттыққа өз кандидатурамды ұсынып тұрмын.  
Әрине, мен өз күшіме сеніп тұрмын.



Сондықтан да алдарыңызға келіп тұрмын.  
Жүрегім лүпілдеп  
Бір түрлі толқып тұрмын.  
Жасыратыңы жоқ,  
Сіздер сайламай қоя ма деп қорқып тұрмын  
Но, маған сеніңіздер.  
Сол сенімге мен ғана лайықпын.  
Сіздерді нарық толқынынан алып шығатын  
Кеме болмасам да қайықпын.  
Тәжірибесіз деменіңдер,  
Үйренемін, жалықпаймын, ысыламын,  
Сіздердің назарларыңызға мынадай  
Өз тұғырнамамды ұсынамын:  
Егер мен депутат болсам,  
Селомызды жайнатып қоямын,  
Әр көшеге тал ектіріп,  
Ағашына бұлбұлды сайратып қоямын.  
Көшенің бәрі асфальтталады.  
Адамдар тротуармен ғана жүретін болады.  
Кешке қыз-жігіттер гүлзар бақта сайрандап,  
Во, керемет өмір сүретін болады!  
Әр үйге газ, жылу жүйесін кіргіземін.  
Еркектер даладан баялыш шаппайтын болады.  
Әйелдерді түгел жұмысқа орналастырамын,  
Олар енді шұбыртып бала таппайтын болады.  
Орталықтан шайхана салып,  
Қасындағы сырахананы көшіремін,  
Малшылардың жағдайын жақсартып,  
Жалақыларын екі-үш есе өсіремін.  
Мәдениет сарайының жұмысын да жандандырамын.  
Салынбай қалған спорт залын қолға алып,  
Жұрттың бәрін таңдандырамын.  
Моншаны тездеттіремін.  
Енді кезекке тұрып сабылмайтын боламыз.  
Қызылқолден жағажай салдирамын.  
Жағасында шомылып, дамылдайтын боламыз.  
Айтпақшы, кәшеде лас, түтіні бар машиналар жүргізбеймін,  
Көшемізді олар ластанмайтын болады.  
Көшенің әр жеріне жәшік қоямыз,  
Адамдар қоқыр-соқырды жолға тастамайтын болады.  
Жылыжай ашып,  
Қыста да көкөніс жегіземін.  
Ей, боғу,

"Депутатымыз во, керемет" дегіземін.

Осыларды істемесем

Екі дүниеде оңбай кетейін.

Жар дегенде жалғыз жұбайымның

Қасына қонбай кетейін.

Так, что маған сеніңіздер,

Ертең сайлауда маған дауыс беріңіздер.

\*\*\*

Осылай сайрап Майбасар депутаттыққа сайланып алды.

Жүрегі де орнына түсіп жайланып алды.

Алайда, сайлаушылар алдында есеп берерде

Майбасардың тіл-ауызы байланып қалды.

## ЖЕЛІККЕН ЖЕЗДЕ

- Балдызым!

Дүниедегі жалғызым,

Жұпар иісті жалбызым - деп

Жездесі балдызын алдына алып,

Мысықты сыйпағандай мәпелеп отыратын.

Онысы болса ұйқылы-оюу жездесінің қолтығына тығылып,

«Әкелеп-көкелеті» отыратын.

Неткен татулық, жарасымдылық деп

Олардың ықыластарына

Қызығып, тамсанатынбыз.

Тіпті, солардай болмаса да

Ұқсап бағуға жан салатынбыз.

Жезде мен балдыз

Киноға да, ресторанға да

Жұптарын жазбай қол ұстасып барып жүрді.

Ал, әпшесі болса үйінде тып-тыныш қалып жүрді.

Балдызы тіптен, жездесінің желкесіне мініп алды.

(Сірә, оның момын, тілалғыш екендігін біліп алды).

Бірде,

Олардың татулықтары күрт бүлінді.

Оған себеп:

Балдызжанның қарны томпайып білінді.

Мұны естіп жездесінің нерві ұстап, қаны тасып кетті.

О, тоба!

Сөйткен жездесі балдызын жетектеп елден қашып кетіпті...

## ДАҢҒЫРЛАҚ

Біздің Қыңырбек

«Мен» дегенді ұнатады,

ОБЛЫСТЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАТ  
КІТАПХАНАСЫ

А.С. ПУШКИН АТЫНДАҒЫ  
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСТЫҚ ӘМБЕБАТ  
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ

Гүніні ісіп, мақтанып,  
Марапаттау, қолғаштаумен өзін “жемдегенді” ұнатады  
Қарсысының жұмысы өнбегенін,  
Ләжі болса, оларға жұрттың сенбегенін ұнатады.  
Оның басты мақсаты,  
Шыға берсе жақсы аты.



Таласпаймыз, әрине,  
Кімнің жаман атты болғысы келсін.  
Сондықтан да еңбектеніп,  
Абырой алуға әрекеттеніп көрсін.  
Солайы солай ғой,  
Бірақ, оның сол әрекетін ұнатпауымыздың  
Мәнісі былай ғой.  
Өйткені, ол өзгенің өрлегенін,  
Адал еңбек етіп терлегенін,  
Сонысымен өрлегенін  
Көрсө ішіне мұз қатып қалады.

Онысын, тіпті, жасыра алмай  
Дауысын да сыздатып қалады.  
Кейде сөздан "сырқаттанып",  
Бір күнде жүз жатып қалады.  
Егер оған мүмкіндік берсе

Алдына ешкімнің де шықпауы керек.  
Іс барысын ол сияқты терең ұқпауы керек.  
Ұжымдағылар алдында борышты боп,  
Қыңырбекке арқа сүйеп, ықтауы керек.  
Тіпті, түсінде де Қыңырбекті мақтап  
Ауызына Алласын емес, соны айтып ұйықтауы керек.  
Қандай жолмен болса да  
Атын шығаруға ол асық тұрады.  
Өзінен біреу сәл оза қалса  
«Орнымды ап қоя ма» деп сасып тұрады.  
Сондықтан да, барлық жұмысты бір өзіне артып алып,  
Өзіне тиесілі емес жұмысты да  
Қарамағындағылардан тартып алып,  
«Мен болмасам ұжымның шаңырағы ортасына түседі» деп,  
Ой, күні-түні бөседі кеп.  
Әрине, әріптестерінің несі кетсін,  
«Жұмысымыз жеңілдеді,  
Жатып-ақ айлық алар  
Бұл да бір іс еді көңілдегі,  
Коммунизм деген бәлкім осы шығар.  
Шынайы өмірдегі»  
Деп Қыңырбекке күліп жүр,  
(Сірә, оның көпке бармайтынын біліп жүр).  
Расында ол  
«Мен» деген дертке шалдыққан,  
Жоқ оның көзі жанды ұққан.  
Айға да біреу ұша қалса  
Менің көмегім тиді деуі сондықтан.  
Бүгінде ол көптен кетіп жырақ жүр.  
Онысы өзіне де ұнап жүр.  
«Қыңырбек қайда барады» деген,  
Жұрттың көкейінде бір күйтырқы сұрақ жүр.  
Оның бүгінде «тек мен» деген сөзіне жұрт тойып алды,  
Сөйтіп, ол бүкіл ұжымды өзіне қарсы қойып алды.  
Қазір оның атын жұрт «Даңғырлақ» деп тауып айтады,  
Осылай жүріп ол өгіздей боламын деп су ішкен  
Бақа сияқты жарылып өле ме деген қауіп айтады.  
Ол «көпке топырақ шашқан көмусіз қалады»,

Дегенді қанша айтсақ та ұқпайды.  
Иә, жаяудың шаңы  
Жалғыздың аты шықпайды.  
Даңғырлақ-ау, Даңғырлақ  
Жүре берермісін даңғырлап.

## БАС БУХГАЛТЕРДІҢ МОНОЛОГЫ

Мен бір ұжымның «бастығы» едім,  
Анығын айтқанда басбуқы едім.  
Атағым көкті тіреп тұратын,  
Ал, құлқыным



жеген жақты тілеп тұратын.  
Алғашқында тасым домалап өрге шықты,  
Ал, кейін құлқыным  
Жоғары басымды жерге тықты.  
Түсінікті болу үшін басынан айтайын:  
Жоғары қызметке қол бір ілінген соң,  
Жұртқа өтімді екенім білінген соң,  
Қызмет бабында пісе бастаған соң,  
Тиыннан пайда түсе бастаған соң,  
Араңым ашыла берді,  
Мемлекет ақшасы шашыла берді...  
Шынында дөңгіп қалып едім,

\*\*

Енді тиынды қойып,  
Ірісіне қол салып едім.  
Директордың қас-қабағын баға білсең,  
Есепшотты дұрыстап қаға білсең,  
Бұл дегенің тамаша-теңге табу екен.  
Талай қойды «өлді» деп,  
«Завферма, зоотехник көрді деп,  
Нанбасаңдар сұрандар,  
Веттехник комді» деп,  
Актіге қол қойып едік.  
Оның орнына бордақыны  
бәйбішеге сойып едік.  
Бұл берісі ғана ғой,  
О да бір дәурен екен...  
Бұл күнде менің  
«қандыауырым» шаппай тұр.  
Жегенім көп қой,  
Оның бәрін айтуға  
Тілі құрығырым батпай тұр.  
«Көп асқанға бір тосқан»  
Деген шынында дұрыс екен,  
Істеген істерім басынан  
аяғына дейін бұрыс екен.  
Сөйтіп жүргенде,  
Қылмысым ашылып қалды,  
Баяғы екпін басылып қалды.  
Бүйткен атақ та, абырой да,  
бедел де бар болсын,  
Енді істемеспін  
«Жарық дүние жар болсын», -  
Деп басбух әлдекімге жалынып отыр.  
Тәубеге келіп налынып отыр.  
Сірә, «күлқын көрге тығады», - деген  
Бір ку сөз құлағына шалынып отыр.

## **ОЙЫНШЫҚ ДАРБЫЗ**

Көкбазар бардым,  
Шүкір, бәрі жеткілікті.  
Жасайын деп мен де бір ептілікті.  
Қау-қауласып,  
Саудаласып,  
Ұтылмайын деп қамданғанмын,  
Деп ойладым өзімше алданбадым.  
Содан төрт-бес қауын, дарбыз алып,

Дорбама салып,  
Қуантайымды қуантайыншы деп  
Үйге алып келіп едім,  
Сөйтіп  
Қуантайыма жарып беріп едім.  
Бірінші дарбыз шіп-шикі, ақ болды.  
Ойладым: қалғаны жетеді деп,  
Әйтпесе, саудагердің дарбызы қалай өтеді деп.  
Үшінші дарбыз, шүкір, қызыл болды,  
Арты бірақ қызық болды.  
Алғашқы тілікті жеген Қуан:  
- Папа, мынауыңыз ойыншық дарбыз, -  
деп қарап отыр.  
Бас бармағын жалап отыр.  
- Ой, ойыншығы несі?  
Балам-ау, базардан сатып әкелгем,  
Бұл кәдімгі дарбыз, - дедім.  
Ол жүгермек:  
- Жоқ, - бұл дарбыз емес, - деп қоймайды -  
Дарбыз мұндай болмайды.  
Былтыр атамның үйіне барғанда,  
Ол үлкен дарбызды әкөп жарғанда,  
Әлдеқайда мұнан дәмді еді,  
Сонысымен мәңді еді.  
Ал, мынауыңыз су ғой.  
Сізге ойыншық дарбыз сатқан  
Саудагер де қу ғой! -  
деп Қуаным тақылдайды.  
Мұны енді амалсыз,  
Папасы да мақұлдайды...

## ТОНЫН АЙНАЛДЫРЫП КИЮ

Бұрын мені алыпсатар деп,  
Бақылаушы да, тергеуші де,  
Аңдып соңымнан қалмайтын.  
Шынында әдетім бар-ды,  
Өзгенің қалтасын қармайтын.  
Қазіргі талап,  
Аяғымды қия бастырмай тұр.  
Сондықтан да ұйқым кетіп,  
Асказанымда ас тұрмай жүр.  
Дәурен-ай өткен,  
Қу құлқын үшін не істемедім?  
Ақшаңның күшімен

Ұшқан құстың құйрығын тістеп едім.

Сонда бар болғаны рабкоопта

Қарауыл боп істеп едім.

Сөйтсе-дағы ел аузынан түспеп едім.

Бірді екеу етіп,

Екіні үшеу етіп

Диірменім желсіз-ақ айналып тұрды.

Күреп тапқан ақшадан

Коңілім жайланып тұрды.

/Расын айту керек, бастықтың да

Қанжығасы майланып тұрды/.

Сол бәсекең

Қоймаға түскен импортты

Маған үстеме бағамен саттыратын.

/Осы импорт қой менің де бағамды арттыратын/.

Алайда, кейінгі кезде бақылаушы көбейіп,

Қолға түсіп қала жаздадым.

Турасында торға түсіп қала жаздадым.

Осылай жүргенде,

Өлтірсін бе «Құдай».

Тағы жолым болып кетті.

Бұны естігенде көкірегіме

Қуаныш толып кетті.

Яғни, кооператив, фирма деген ашылып,

Оған сайдан, ойдан қашқандарды

Жинап жатыр екен.

Әрқайсысына жұмыс беріп,

Әулиедей сыйлап жатыр екен.

Айым оңынан туған

Қазір мен сол ұйымға мүшесмін.

Астымда «Волга»

Дүниені шайқап ішемін.

Қазір бұрынғы алыпсатар деген атымнан құтылдым,

Пайда түскен сайын жұтындым.

Турасын айтқанда ағайын

Соқырдың өз бидайын өзіне

Қуырып беріп жүрміз.

Бастығымыз түрмеден шыққан біреу,

Соған сеніп жүрміз.

Ол дүкеннен оны-мұны әкеледі

Біз оны «импортқа» айналдырамыз,

Сөйтіп, екі есе бағасына сатып,

Қалтамызды майландырамыз.



Бастықтың да көңілін жайландырамыз.

Бұны бастығымыз

Жұрттың басына

Әкесі жасамаған жақсылықты

Тонналап үю дейді,

Ал менің санам бұл -

Бұрынғы ісіннің

Тонын айналдырып кию дейді.

### **АВТОБУСТАҒЫ «БӨЖЕЙ»**

Автобуста кішкентай тентегім,

«Папа, бөжейді кара» деп

Жылан шағып алғандай ыршып кетті.

Бұзық неме жақ кетпей

Қолымды қыршып кетті.

«Бұл неткен бөжей» деп

Артыма жалт қарап едім,

Өзім де қорыққанымнан

Талып қала жаздадым.

Ту сыртымдағы «бөжейді»

Аямай салып қала жаздадым.

Бет-ауызы сатал-сатал

Шашы да дөда-дөда

(көргем жоқ ед мұндай мода)

Бір жезтырнақ

Төбемнен төніп тұр екен.

(Қасымдағылар одан шошымай

Қай құдайына сеніп тұр екен?)

Содан жүрегімді әзер тоқтатып

Артыма қайта қарадым.

(О, жүрегім жарылып кетпей

Бұл жолы да жарадың).

Сөйтсем, жалмауыз дегенім

Соңғы модадағы сәнқой бойжеткен екен.

Автобустағы көп адамның ыстықтығынан

Тер одан мол кеткен екен,

Содан бетіндегі бояуы еріп,

Бетіне айғыздалып жағылған ғой.

\*\*\*

Тәп-тәуір қызды «бөжей» деген

Менің тентегім де қағынған ғой.

## ДЫРАУДЫҢ ДЕМАЛЫСЫ

Дырау деген дап-дардай ағамыздың  
Табиғатқа керемет жаны ашиды  
Егер біреу "броконьерлік жасапты" десе,



Ашудан екі көзі шатынса, қаны тасиды.

Сол көкеміздің бірде,

Жұмыстан әбден шаршап,

/Сірә, жас етті аңсап/,

Тыныққысы келді.

Таза ауа жұтып, бой жазып -

Шыныққысы келді.

Содан сонау Созақтағы

/Бағыныштысы еді сол жақтағы/

Бір шаруашылықтың білдей басшысына,

/Ол да орнынан табыла кетіп,

Құдай берді/,

Түйіліп тұрып телефонмен былай деді:

- Осы сен бесінші ферме дегенді білесің бе?

- Ұқпадым.

- Онда менің ойымнан шықпадың.

Ұжымда төрт-ақ ферма бар ғой.  
Демек, бесіншісі тегін тамақ болады,  
Онда қызық-думан,  
Алдында ағыл-тегіл арақ болады.  
Самаурының екі иығынан демалып,  
Қайнап тұрады.  
Табағың толы қуырдақ,  
Дастарханың жайнап тұрады.  
- О, аға-ай!  
Манадан бері солай демейміз бе,  
Сіздей панамыздан немізді аяйық,  
Одан да ұжымнан бір жылқы жемейсіз бе?  
- Сен де бір түсінбейтін қызық екенсің,  
Табиғатқа шығып демалайық та.  
Елдің көзіне түсе бермей,  
Шаруашылықты аралағансып,  
Бетпақдалаға жоғалайық та.  
Інісі мұны құп алды,  
Сөйтті де,  
Басшы ағасын табиғатқа шығарды.  
Олар жазық далада жазықсыз ақбөкендерді  
Машинамен қуып атты.  
Әр атқан сайын «жеңістерін» жуып жатты.  
Талай киік  
Тектен-текке қырылып қалды.  
Қырылған сайын ағамыз құнығып алды.  
Жығылған барлық ақбөкеннің  
Мүйіздерін қағып алды.  
Оның бір-екеуін тұмар сияқтандырып  
Машинаның әйнәсіне тағып алды.  
Киіктердің етіне пысқырып қарамады,  
Оқ мүлт кетіп талай киіктерді жаралады.  
...Қазір ол ащы қуырдақ жеп, арақ ішіп,  
Бас бармағын жалап отыр.  
Қанша киік жер жастандырғанын санап отыр.  
Мұнысымен қоймай,  
Тектен-текке жанары мұңды ақбөкенді жусатқанды  
Нағыз ерлікке балап отыр.  
... Сөйтіп, Дырау екі-үш күн демалып қайтты,  
Өздерінше айтсақ,  
Жандарың дәру, ем алып қайтты,  
Иә, Дырау ағамыз шалғай шаруашылықтарға  
Шынайы өмір-тыныс тіршілікті барып көрді.

О, тоба-ай!  
Облыстық газеттен сол ағамыздың,  
Ақбөкендерді сақтау керектігі жөнінде  
Осы сағардан маңызды мақаласы жарық көрді.

### **КЕШІР, ДОЛЛАР...**

Брежневтей кеудесі дірілдеп тұрған,  
Сонда да шетелдерге сөс көрсетіп гүрілдеп тұрған,  
СССР деген «сеп-серезный» ел едік,  
Ел болғанда да  
Ешкімді өлемеген «сері» едік.  
Іргеміз іріп,  
Ішіміз шіріп жатса да  
Шетелді келеке етуді қоймадық.  
Олардың барлық ісін де тәркі етіп,  
Сәл сүрінгеніне мәз болып тойладық.  
Е, біз кімге күлмедік,  
Күлген жақсы-ау егер де  
Іші сыртың бүтін болса,  
Қайтіп ғана күлдік екен,  
Қойны-қоншымыз толған түтін болса,  
Біз ең ақырғысы  
/Не демейді «батыр» кісі/  
Шет елдің ақшасын да маззақ еттік.  
«Бір доллар - 90 тиын болады» деп,  
Доллардың жүрген жеріне жуа бітірмей тозақ еттік.  
Бүгінде теңгеміз доллардың қасында жіп есе алмай қалды.  
Оның қасына да ілесе алмай қалды.  
Қазір доллар десек,  
Долданған долы қатынның да,  
Көздері күлім қағып, жүздері жайнап кетеді.  
Оның аты аталған жерде,  
Отынсыз қазан да қайнап кетеді.  
Не күдіретін бар, о, доллар,  
Біздікі боп шықты ғой күр долбар.  
Айтшы, қане, мына қымбатшылықтан  
Құтылатын қандай жол бар?  
Ех, доллар, доллар,  
Әттең, кеш кіргіздің-ау ақылды,  
Кешір біздәй пақырды.

## СЕКІЛДІМІЗ...

Сом-сабан ақшаға айналды да  
Сірәсіп жатқан елді сансыратып кетті  
Қанжығамызға бір қасірет байланды да  
Тепкісімен бәрімізді қансыратып кетті.  
Есімізді дереу жиғ қойдық та,  
Бұрынғы тырқ-тырқ күлкімізді тия қойдық та,  
Етеқ-жеңімізді жинап алдық.  
Әрине, әркімнің өз Отаны болғаны жақсы,  
Ал, сол үйінде әркім  
Өз қотырын өзі қасып, «тоңғаны» жақсы.  
Содан сабан сом-ан сытылып,  
ақшалардан құтылып,  
«Өзіміздікінің берекесі мол» деп жұтынып,  
Жаңа ақша шығардық та,  
Теңгені төрге оздырдық.  
Сом бізден шеттеп қалды.  
Бұнымыз болмас озбырлық.  
Сол теңгеміз қарық қылады дедік,  
Қаранғы күнімізді жарық қылады дедік.  
Бағамыз кербез келіншектей мың құбылмай,  
Кері кетушілікті жарып тынады дедік.  
Бәркімізді ерте аспаңға атыппыз.  
Босқа бөсіп, шатыппыз.  
Бүгінде төл теңгеміздің де  
Құны түсе бастады.  
Баға қайта өсіп барады.  
Ол қайда барып тоқтайды екен деген,  
Бір сұрау көкірегімізді мүжіп, тесіп барады.  
Сірә, біз Ресейден бұрынғысынша  
«Социалистік жарысқа» көшкен секілдіміз.  
«Кімнің ақшасы көп болса,  
Сол ел - бай» дескен секілдіміз...

## ЕНЕСІ ДЕ АҢ-ТАҢ

Қойдан жуас келіншегім,  
Бір күні «өнер» шығарды,  
Мені жамандап өлең шығарды.  
Бір нәрсе айтсам арс ете қалатын болды.  
«Сәл нәрсеге» тарс кете қалатын болды.  
Киімі бүтін, қарыны тоқ-ты,  
Үйреніп алыпты қайдағы жоқты.  
Бұрын енесінен аса алмайтын еді.

Бұл күндері мені билеп барады,  
Мен түгіл енесін “түйреп” барады.  
Сөйтсем “құдай” мені тағы мәз қылған екен  
Келіншегімді өзге емес,  
Ағайындарым-ақ азғырған екен.  
- Ау, депті, - бір абысыны.  
Көрмейсің бе мына мені,  
Қайнағанды қалай билеймін.  
Патша болмасам да,  
Осы үйге бір бидеймін.  
Тура айтсам мен  
Өзің бір пасық екенсің,  
Өр емес, жасық екенсің.  
Ерін ұрса да, ұрысса да,  
Сөйлемейсің бе?  
Оқ десе оқ,  
Шоқ десе шоқ  
Демейсің бе?  
Сосын енеңнің айтқанымен жүресін.  
Ол күлсе күлесін.  
Жаным ашыған соң айтам,  
Оның баласы бидай болғанда,  
Сен немене сұлы ма едің?  
Таң атқаннан кешке дейін жұмыс істейсің,  
Басыбайлы сол үйдің құлы ма едің?  
Бұл сөзімді жөндеп ұғатын бол.  
Аязды тіліңді екеуіне де сұғатын бол.  
Сонда сенен ығатын болады,  
Айтқаныңды ұғатын болады.  
Ал, ағайын, әйелді әйел делік,  
Шамалы өсек құмар.  
Ал, еркекке не жоқ,  
Өзге емес өзің есек қылар.  
Былай депті бір қайынатасы:  
- Келінім, енең сені жақтырмайды,  
Еш жерде ауызыңды аштырмайды.  
Өз дегені болмаса,  
Қияға аяғыңды бастырмайды.  
Сені бүйтіп түйе бермесін,  
Мойыныңа міне бермесін.  
/Қазіргі жастар ақылыңды ұғар ма?/  
Егер олай етпейін демесең,  
Әлден мойыныңа шығарма.

Содан қатты қарасам да жұбайым,  
 Қызық - өнер - бастайтынды шығарды.  
 Өз дегені болмаса  
 Бізді сөзден қағып тастайтынды шығарды.  
 Қазір ұрыс-керістен атылатын фонтан болып отыр.  
 «Неліктен мінезі өзгерді» деп  
 Енесі де аң-таң болып отыр.

## **КІМ ҚАЛАЙ АРУ АТАНДЫ? (Екі бөлімді драма)**

Жалаңаш деген ауылда,  
 «Қыз сыны» байқауы өтіп жатыр.  
 Залда ине шаншар орын жоқ,  
 Аруларды марапаттау жетіп жатыр.  
 Қыздардың талдырмашы, томпағы да,  
 Құмырсқа бөл жіңішкесі  
 Және быттиған семіз жалпағы да,  
 Қысық көзді де,  
 Мысық көзді де,  
 Қиғаш қасты да,  
 Қолан шашты да  
 Тіпті, жалпақ басты да осында.  
 Сондай-ақ аяқтарының арасынан  
 Машина өтіп кететіндер де жүр.  
 Қысқа юбкамен сандарын жарқыратып  
 Көйлегінің етегі тізесіне жететіндер де жүр.  
 Жұрттың ынта-ықыласында шек жоқ  
 Бұл ауыл бір кәдеге жарап қапты.  
 Алпыстағы Аюбай шал да немересімен жасты  
 Бір қызға сұқтанып қарап қапты.  
 Қысқасы, жұрттың назары тек сахнада,  
 Аруларды шетінен сынап отыр.  
 Жас қыздардың жалақаштау жүргендері  
 Сірә, әділ қазыларға да ұнап отыр.  
 Алайда,  
 «Жарқыратпай тәндерін жапса нәтті», -  
 Деген насыбайшы шал қызын сыбап отыр.  
 Көмпірі болсо екі бетін көзек шымшып,  
 Басын көтере алмай өзгеден жырақ отыр.  
 «Бұл ауыл мәдениетке  
 Мықтап көңіл бөлген екен.  
 Тіпті, шаруашылық басшысы да

Уақыт тауып байқауға келген екен",  
Деп басшының қолын алып сілкіледі.  
Оның осылай жақсы істің жанашыры  
Болуын мың тіледік.

О, Алла-ай!

Адам да осылай сұм болады екен.

Оны әлдеқалай сезіп қойсан

Жігерің құм болады екен.

«Бақсам бақа екен» демекші

Ұйымдастырушының ойы басқарақ екен.

Ол дегенің сұлу көрсө

Өзін-өзі ұстай алмайтын ашқарақ екен.

Әсіресе, жұбайы о дүниелік болғалы

Клубқа келіп қөңілін осылай «жұбатады» екен.

Анығында, жалаңаш қыздың тәнін көруді

Ой, сұмдық ұнатады екен.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

Сахнаға айдай сұлу, әсем аруымыз,

Өзің паң ұстап күлмей шықты.

«Осыдан бірнәрсе шығады-ау» дегенбіз

Алайда, жеті атасын сұрағанда

Өз әкесінен әріні білмей шықты.

Кілемді қойшы шұлықты да

Токи алмады.

«Не өнерің бар» дегенде ыңқылдап

Жазып берген өлеңді де оқи алмады.

Картон аршу кезінде қолын

Көсіп ала жаздады.

Илей беріп камырды

Биттің қабығындай жұқартып

Тесіп ала жаздады.

Ұлттық салт-дәстүрлерден білетіні де

Санап шығуға татымады.

Сол көмшілігін айтып еді ол

Сүзеген сиырдай екі көзі шатынады.

Дегенмен де күттік істің ақырын,

Болып шықты инабаттылықтан да мақұрым.

- Қарағым!

Таудай екен талабың,

Бұл өмір заңы ғой, бағынасын

/Жолыққай-ды жақсы жар бағына асыл/

Бұйыртыса, көлін боп оң босағаны аттайсың.



Ол кезде былай әркімге тура қарап,  
Көзінше атын атап, шатпайсың  
Мәселенки, сонда қайныңа қандай ат қояр едің?  
Жауап бере қойшы осыған? -  
Деді әділ қазы мүшелерінің бірі әдеппен  
/Сірә, арудың мінезінен шошыған/.  
- Ағай, болашақ қайным мұрнымен сөйлейді,  
Оны, әрине, маңқа деймін.  
- Ал, атанды ше?  
- Ол қаусаған ку сүйек арық адам  
Склед-қаңқа деймін.  
- Ененді ше, ененді?  
- Ол семіз адам ғой көлемді,  
Оны бәлкім шошқа дейтін шығармын.  
- Қайынсіңліңді ше, шырағым?  
- Ол да биенің жарты сабасындай семіз  
Тегі, оны ботқа дейтін шығармын.  
- Тәуір-ақ екең жауабың,  
Жоқ басқа саған сауалым.  
Енді бір билеші дөңгелеп, -  
Деген еді.  
Обалы не керек -  
Биді керемет жандырды.  
Жігіттердің делебесін қоздырып.  
Естерінен тандырды.  
Бүкіл денесі селкілдегенде  
Ауызыңды ашып қарап қаласың.  
Қайта түлеп, жанғырып  
Бір кәдеге сен де жарап қаласың.  
Қысқасы, осы Ару  
Сахнада ойнап жүріп-ақ бас бәйгені  
Қалпақпен ұрып алды.  
Сыйлық алар кезінде сарашыларға рахметін айтып  
Иіліп екі сағат тұрып алды.  
Сөйтсек, бас қазымыз аудандағы бетке ұстар дөкей  
Қызметі ірі екен.  
Әлгі келбетті қарындаспен  
Ымы-жымы бір екен.

## **МЕН ҚАЛАЙ КОММЕРСАНТ БОЛДЫМ**

«Әркімнің аңдыған бір жауы бар» - дейді  
Мені күндіз-түні қарауынан шығармайтын  
(Ол байғұстың арманын ұғардай кім?)  
Жаны сірі

**Он күн қақсаса да тілі кетіліп, мұқалмайтын,  
Жүйкесі айқай-шуға бұл жалғанда жұқармайтын.  
Бір арнаға түсіп алса**

Сол сүрлеуінде пәлен сөтке салбалақтап-шыға алмайтын.

«Мынау әлемде тыныш тірлік бар» - дегенді

Өмірінде ұға алмайтын.

Бәрібір бітіспес жауы - мен-Маубасты

Қырық күн «алысып» жыға алмайтын -

Көкдолы деген шамшырағым бар.

Күнде мені жүз қайрап

Құлағымның етін құрыштай жейтін қамшыларым бар.

Міне, бүгін соған тағы да «тұтылып» отырмын.

Е, сол ақылшымнан мен қашан құтылып отырмын?

Сірә, о дүниеге барып жаным жай табатын шығар.

Ол сол кезде өзі көксеген керемет бай табатын шығар.

- Ау, жұрттың еркегі еркек,

Біздікі мастың басынан түсіп қалған

Әншейін бір телпек.

Қарашы-ей, айналана

Жұрт не істеп жатыр?

Әне, біреуін екеу етіп

Ұшқан құсты ауызымен тістеп жатыр.

Астарында қос-қос машина,

Екі-үш қабатты үйі бар,

Неше жыл қырғын болса да,

Құдай алмас күйі бар.

Әйелдеріне қарашы

Ешкім кимегенді киіп жұтынып жүр.

Айтшы-ей, маубас

Коммерсант болғаннан кім ұтылып жүр?

Ал, сен үкіметтің жұмысынан босасаң

Аштан өліп, көштен қаласың.

Не тамағына, не арағына жетпейтін

Жалаң айлықпен қайда барасың?

Жұрт сияқты икемің жоқ,

Бірді сатып екеу ете алмайсың.

Әй, сен бұл түріңмен ұзаққа бармайсың, -

Деп-миымды мұжи берген соң

Қой мен де еркек болайын деп

Қауашағыма ептеп ақыл толайын деп,

Әуелі қызметімнен қоштастым,

Сөйттім де өздерін коммерсантпыз деген

Өңсең бір «сен тұр, мен атайындармен» достастым.

Ортаға үлес қосу керек деген соң,  
Бұдан кейін үйімді саттым.  
Ойладым өзім де олжаға белшемнен баттым.  
Алғашқында тасымыз өрге домалап тұрды, -  
Мен үйімді теңгемен «бомбалап» тұрдым.  
Шамшырағымның жүзі шырайлана бастады.  
Мені бұрын адам болмайды деп жүрген  
Туыстарым да айналамда шыр айнала бастады.  
Бастығымыз да епті біреу.  
Ертең «Мерседес» мінесін деп сөндіріп қояды.  
Мені үш қабатты зәулім сарайға  
Бүгін-ертең ендіріп қояды.  
Кім жақсы тұрмысты жек көрсін.  
Танауым делдіп мәз болып жүріппін.  
(Е, онай олжаның соңы осылай боларын  
Қайдан ғана біліппін).  
Бірде бастығымыз бәрімізді тастап қашып кетті,  
Сонау итжеккенге қарай асып кетті.  
Енді оны соңынан шырақ ап іздесең де таппайсың.  
Деп отырған шығарсыз:  
«Сен де неге қашпайсың?»  
Қашуын қашармын-ау,  
Бірақ қайда барам?  
Соңымнан жылап, еңіреп  
Қалмайды ма бала-шағам.  
Бүгінде фирма қарызына  
Барлық жиған-тергенім жетпей  
Ағайындарымнан жылу жинап жүрмін.  
Е, баяғы қызметімде жүре берсем  
Тақыр жерде отырып қалмас едім деп,  
Өзімді өзім қинап жүрмін.  
«Қайтып келер есігіңді қатты жаппа» - деген  
Бұрынғы қызметке баруға бет жоқ.  
Өзге жұмыс істей салатын  
Жұбайым айтпақшы, менде ешқандай еп жоқ.  
Не байтал емес, не сайтан емес,  
Не балық емес, не ет емес.  
Елге қарағысыз болғаннан соң  
Келбетім де келбет, не бет емес,  
Әрі-сәрі жүрген жайым бар:  
Айтпақшы, «квартплат төлемесең қуып шығам»  
Деп құтырылған «байым» бар.  
Қазір мені жүздеуін қоймайтын

Әйелімнің тілі байланып отыр.  
Сірә, төркініне бүгін-ертең тартып кетуге  
Сакадай-сай сайланып отыр.

«Аңдыған жау алмай қоймас» -

Қой, ағайын ертерек

Ешкім мазаламайтын тыныш жерге бармай болмас.

## ӘЙЕЛДЕРГЕ ӘЙДІК ӘҢГІМЕ

(немесе күйеуі ішкіш  
қыз-келіншектерге микрокеңес)

Еркек деген қашан да ерке бөлып  
Бүгінгі заманда да дәуірлеп жүр.  
Әйелмен ақылдасып, беделден жүрдай болғанша  
Жүз грамм ішкөнім тәуір деп жүр.  
Ал, енді ол 100 грамм ішкен соң  
Әрине, үйге бүлініп келеді.  
«Әй, әйел, қайдағын» деп  
Екі білегін түрініп келеді.  
Одан арғысын айтпай-ақ қояйық.  
Қып-қызыл жанжал шығады.  
Балаларға қырғидай тиіп,  
Бір бұрышқа қуып тығады.  
Өзің де тыныш отырмай  
«Саған үй емес түрме тиіс» деп қаласың.  
Содан бір-өкі жұдырық иіскеп қаласың.  
Ал, күйеуіңмен отырысқа барғанда  
Жұрттың байы күліп, ойнап отырғанда,  
Сенің байың арақ ішіп жайнап отырады.  
Дұрысы тілін шайнап отырады.  
Ал, оған сөнің зығырданың қайнап отырады.  
Бірақ, күресуге дәрмен жоқ.  
Ұялып бетті басасың,  
«Бұндай байдың бар болғанынан бадалғаны жақсы» - деп  
Үйіңе қарай қашасың.  
Осындай оспадар күйеуден  
Қалай ғана құтылу керек?  
Әрине, ол үшін,  
Онымен бірге «күтыру» керек.  
Яғни, ол ішіп келген кезде.  
Долданып біраз жылап ал.  
Содан кейін байынды  
Ащы тіліңмен біраз бұрап ал.  
- Шіркін, сен өліп қалсан,

**Рақат болар еді  
Үйге нағыз бақыт қонар еді  
Сен өлгеннен соң.**

Үйде мен де қарап отырмаймын.  
Басқа байға тиіп алам.  
Балаларымды қаңғыртпай  
Бәрін қолға жиып алам.  
Олар өгей әкенің қолында жаутандап,  
Есік алдында отын жарып жүреді.  
Ал, шешесі басқа күйеуімен  
Қино, театрға барып жүреді.  
Десең,  
Баласын жақсы көрмейтін әке жоқ.  
Ет-жүрегі езіле кетеді.  
Сонда-ақ бір жақсылық сөзіле кетеді.  
Немесе сені күйеуін қызғанып,  
Мастығы лезде тарап,  
Саған күлімдей қарап  
Айтқаныңды ұғына салады.  
Ығыңа жығыла салады.  
Бұған көнбесе:  
- Ертең жұмысына барып,  
Барлық қылығыңды жіпке тізіп айтып беремін.  
Сөйтіп, қайтың келемін,  
Десең,  
Төбе шашы тік тұрады.  
Алдыңда құлдық ұрады.  
Өйткені, еркек деген  
Өз қылығына қарамай  
Намысшыл болады шетінен.  
Бірақ мұны мен айтты деме  
Сенен қатты өтінем.

## **ҚАҢҚУ**

Бұл ағайын дегеннің  
Өзі жақсы болғанмен  
Кейде сөзі жаман.  
Ал, сөзі дұрыс болған күнде де  
Көзі жаман.  
Олай дейтінім  
Жыбыр етсең де,  
Қыбыр етсең де,  
Тіпті, біреуге сыбыр етсең де  
Сөзге танады екен.

Жылт еткенді көре қойса,  
Іші өртеніп жанады екен.

### Осы жуырда

Мен де жақсыны үстіме ілейінші деп,  
Жұрт сияқты жүрейінші деп,  
Шетелдік керемет костюм-шалбар алдым.  
Алғаны құрысын ұзын-ырғасы бір том боларлық  
Сөзге қалдым.

- Осы Барбол асқақтап кетті.

Тым шалқақтап кетті.

Жұртты көзіне ілмейтін болды.

Өзінше маңғазсып күлмейтін болды.

Тіпті, сәлемнің не екенін білмейтін болды.

Өзі тым даңғой,

Шеттен тыс сәнқой, - деді.

Бұл сөзге мен ыршып түстім.

Содан соң костюм-шалбарымды сандыққа салып,

Ауызын «бұрап» қойдым.

Мұнан кейін тағы да

Айналаға құлақ қойдым.

Былай деп мені біреу «мақтап» түр екен,

Оны бір-екі тыңдаушысы жақтап түр екен.

- Осы Барболдың атағына лайық па?

Бір жағасы Ертісте

Бір жағасы Жайықта

Олпы-солпы жүреді,

Көрген ел оған күледі.

Жұрт сияқты неге киізбейді?

Сірә, теңгесін кимайтын болуы керек.

Тамағын артылған тиын-тебенін

Кассаға салып жинайтын болуы керек.

- Е, оның рас қой,

Сірә, теңгеге адамның көзі тоя ма екен?

Игілігіне жаратпаса сол теңгені

Ертең өлгенде

Басыңа қоя ма екен?

## ЖЕЛІККЕН ЖЕҢГЕЙЛЕР

Әйел шіркіндер елікпесін деңіз,

Еліксе де,

Желікпесін деңіз.

Егер олар бір қозғалса,

Таудан құлаған өзендей алдындағысын,

жапырып кетеді.

Талай тентегінді тереңіне батырып кетеді  
Егер олардың шамына тие қалсаң,  
Аузына не келсе соны салырып кетеді.  
Таяуда өріккен үш жеңгей бастаңғыда бас қосты.  
Пайдакүл айтты бас тосты:  
- Қазір екінің бірі коммерсант,  
Ақшаның астында қалып,  
Тіпті, төсеніш қып астына салып  
Ырғалып-жырғалып жүр.  
Бұрын мыс жүзік таға алмаған бейбақтар да,  
Дүкеннен дүкен қоймай алтыннан сырға алып жүр.  
Олардан тегі кембіз бе?  
Біз де әрекет жасайық.  
Ақыры үйдегі маубастарымыздан қайран жоқ,  
Бірігіп шет ел асайық.  
Бұл сөзді Қатираш іліп кетті,  
Өзі де біреумен төбелесетіндей  
Екі білегін түріг кепті.  
- Өлгі біздің үйдегі жанбағар,  
Қара тас қозғалса да қозғалмайды.  
Бірақ, сәйлегенде бәрін қазып айтады,  
Өзінен, жүдә, сөз қалмайды.  
Сол сорлы —  
Бір айлығымен бала-шағасын асыраймын - дейді.  
Жұрт сияқты жыртылып тасымаймын - дейді.  
Бірақ балалары киер киім таппай жүр.  
Соны айлап асқа табетім шаппай жүр,  
Деп бәр мұң-наласын ақтарды.  
Бәтимаш та жыларманға шақ қалды.  
Оған Бәтіш аттан салып қосылды.  
Әңгіме шіркін неше арнадан асып жосылды.  
Соньмен, тоғыз қатын  
Семкелерін арқалап жолға шықты.  
Үйлөрімен қоштаса алмай зорға шықты.  
Бүгінде ауылда гу-гу әңгіме.  
Пайдакүлді қамалып қапты дейді.  
Қатираш болса тоналып қайтып кепті.  
«Рэкет дегенге ұшыраса көрмендер» - деп  
Сұмдық бір гөп айтып кепті.  
Бәтима да оңбапты.  
Бар ақшасын жүліктер жымқырып кетіп  
Үйіне жете алмай сорлапты.  
Ал, өкі-үш жас көліншекті

Бұзақылар зорлапты.  
Әйтеуір дейді, дейді көп.  
Қайсысына сенерімізді білмейміз.  
Тегі, «пәлен жерде алтын бар,  
Барсан бақыр да жоқ» - деген нақылды  
Құлағымызға да ілмейміз.

\*\*\*

Желігудің өкінішке ұрындырмасын аяғы.  
Даналар текке айтқан ба,  
Рас-ау,  
«Алтын көрсө періште жолдан таяды».

## БІРТҮНДІК



Ашық-шашық киім киіп, бұлғақ-  
тап,  
Қонақ үйді торып жүрді.  
Теңге үшін тәнін сатып, ыржақ-  
тап  
Кез-келгенмен қонып жүрді.  
Қалталыларға әйел болған бір  
түндік,  
Осылайша жалғанды жалпағы-  
нан басып,  
Білгенін істеді.  
Клиенттерінің тізімін алып, ке-  
зекке қойып,  
Қайсысы келетініне дейін  
түстеді.  
Күнде өвсторанға барып,  
Анау-мынау жерден тамақ  
ішпеді.  
«Бір түндік қызметім» үшін  
Екі жүз теңге тауып бересін

Әйтпесе, әйеліне қылығыңды айтамын деп  
Кейбіреулерді күштеп отыр.  
Ал, бүгінде ауру тауып сол жүрістен жазылмас  
Өкініштен желіккен көкем бармағын тістеп отыр.



## МАХАББАТЫ - МАНСАБЫ

*«Индийский шайың болсын,  
Милициядан байың болсын».  
(ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ ӨЛЕҢНЕН).*

Қиғашкүл қылдырықтай қыз еді  
Қыз болғанда да о қандай,  
Айтатыны тек «сіз», «біз» еді.  
Әркез күлімсіреп сызылып тұратын.  
Қыпша белін айтсаңшы  
Жігіт біткен қызығып тұратын.  
Тегі, осы қыз жігіттің сұлтанына  
Жүрегінің кілтін ұстатады-ау деп қиялдайтынбыз.  
Түсімізде де Қиғашты көріп  
Оны өзге жанға қия алмайтынбыз.  
Қиғашымыз да тым тәкаппар -  
Анау-мынауыңды маңайына жуытпайтын.  
Әйтсе де өзі жайдары еді  
Қабағын, жүдө, суытпайтын.  
Содан ба, одан бәріміз дәмелі едік.  
Қалмайықшы қасынан бір елі дедік.  
Сөйткен Қиғашымыз,  
Ешкімге қимасымыз,  
Жан жолдас, сыйласымыз -  
Мақтанғанда алдына жан салмайтын,  
Таңертең сөйлеп кешке дейін жағы талмайтын,  
Ешқашан кино, театрға бармайтын,  
Соңына бір түссе -  
Өмірі жабысып қалмайтын.  
Екі иығын жұлып жеген  
Алдына келген кісіге едіреңдеп,  
«Сенің орның, түрме, қара құлып» деген.  
Сөзі қотыр,  
Беті шотыр  
Бір ауым-сауымға тиіп кетті.  
О, тоба-ай!  
Өзі де оны сүйіп кепті.  
Сөйтсек Қиғаштікі  
Бақай есебі екен.  
Қазір сол шотыры -  
Қиғаштың ашса алақанында  
Жұмса жүдеуіңыңдағы есегі екен.  
Кімді қамайды,  
Кімді сабайды.

Кімнен пәре алады,  
Әйтеуір Қиғаштың қолына теңге түсіп тұруы керек,  
Ол теңгені оңды-солды шашып,  
Армансыз шалқып жүруі керек.  
Баяғы қылдай Қиғашымыз  
Бүгінде бес биенің сабасындай,  
Күйеуі оның қасында баласындай.  
Ауызы алтын қоймасы.  
(Сонда да Қиғаштың белгілі болды тоймасы)  
Бриллиант жүзік, алтын сырғаға көміліп қалған,  
(Бар ма екен, сірә, онда арман?)  
Астында қос-қос машина  
(Мұндайда көңіл шіркін шалқып, тасиды, ә).  
Үш қабатты үйі бар,  
Кұдай алмас күйі бар.  
Шашын күнде химкаға беріп сәндетеді екен,  
Былай деп әндетеді екен:  
«Индийский шайым бар,  
Милициядаң байым бар,  
Менің күйлі жайым бар».

\*\*\*

Шалқып-тасып өтемін десендер -  
Махаббаты құрысын, қыздар  
Осындай бай табындар.

## ҚУРАЙ БАСТЫҚ

Осы жұрт Қунайды  
Жылдам сөйлегені соншалық  
Сөздерінің нүкте, үтірі жоқ дейді.  
Қалай сөйлесе де, әрине, өзі біледі де  
Бірақ та, өзіндік байлам, пікірі жоқ дейді!  
Сол Қунай, Қунай болғалы,  
Бастық болып, басына бақ қонғалы,  
Ешкімге ақыл айтып, жол көрсетіп,  
Елге тұлға болуға жарамаған.  
Тек өсуде жолы оңынан туып  
Алды-артына қарамаған.  
Таяуда ол тағы да бақ шапты ма,  
Әлде тоқпағы мықты ма?  
Бір күні топ етіп,  
Үлкен мекемеге бастық боп шықты да,  
Жаңа қырынан таныла бастады.

Сол-ақ екен, жұрт бұрынғы күніне зар болып,  
Естерінен жаңыла бастады.  
Өйткені, бастық ешуақытта мәселенің ақ-қарасын  
Шешіп айтпайды.  
Өзіндік пікірін білдіріп  
Нақты ұсынысын кесіп айтпайды.  
Оның алдынан иә болады, иә болмайды деген  
Оң сөзді әзірге ешкім естімеген.  
«Мұрнының астыменен сөйлейтін  
әдеті еді» - дейді оның ес білгеннен.  
Сол бастық,  
Тіпті, қарауылды ауыстырса да  
Орынбасарларына жалтақтап тұрады.  
Арыз жазып қала ма деп  
Кім көрінгенге жалбақтап тұрады.  
Қандай бір бастаманы да қолдап кетуге  
Арты қалай болады деп үркіп тұрады.  
Қайта жаңалық иесін қызғанып  
Кежегесі кейін кетіп, сайтаны түртіп тұрады.  
Ол тек отырған орнына ие  
Бірақ та тоқпағы мықты екендігін айтып қалады.  
Сөйте тұрып орынбасарларының бірі қарсы келсе,  
Өз пікірін лезде-ақ қайтып алады.  
Кабинетінде кейде көпініп, мығым отырғанымен  
Ішінен әлденені уайымдап отырады.  
Өзі бұрыштама ғана қоюға арналып туғандай  
Қаламын әркез дайындап отырады.  
Ұжымға айтар өсиеті жоқ,  
Өсек айтқаннан басқа қасиеті жоқ.  
Орынбасарларымның бірі орнымды ап қоя ма деп  
Жүрегі күнде тулайды.  
Өзі керемет мансапқұмар  
Креслосын қимайды.  
Сондықтан да осал жағын бөтке айтсаң,  
Ашуланып тулайды.  
Осындай бастық Қунайды,  
Анасы да екі тумайды.  
Жұмыстан оны босата салар өдік  
Әттең жоғарыдағы көкесі қинайды.  
Өзімізге де обал жоқ -  
Көңілшектігімізден  
Бастық етіп отырмыз бір қурайды.

## ЖЫМПИ ЖЫМ БОЛДЫ

Жымпидың жүрегі ауызына тығылып,  
Жылы төсегінен жын ұрғандай қарғып тұрды.  
Тілі күрмеліп, көзі аларып,  
Кеудесі құрғыры шаншып  
Бұл дүниені оған тар ғып тұрды.  
Содан есін әзер жинап,  
Шалбарын бұтына іле салып,  
Оның түймелерін жүре салып,  
Калошының бірін аяғына сұғып,  
Бірін кимей, далаға атып шықты.  
Атып шыққанда да оқалақ тиген сиырдай мәнкіп  
«Қатып» шықты.

Сол бойда мал қорасына барып тоқтады.  
Есігі ашық тұрған қораны көріп,  
Құдайының жеті атасын түгел боқтады.  
Сөйтіп етпетінен өкіріп жатып,  
Көк өгізін баласы өлгендей жоқтады.  
Әлден соң есі кіріп,  
Сол бойда милицияны бетке алып тартып кетті.  
Әйелісі «ссікке құлып салмидың» - деп  
Бар кінәні артып кетті.  
Ентігін баспай еліріп келген бойда  
Тәртіп күзетшісінің жағасына жармасты.  
- Бері қарашы, албасты!  
түсімнен-ақ шошып ем,  
Жаратушымды өткенде де даттағанмын.  
Содан бір бәле келеді деп тосып ем.  
Түнде көк өгізді біреулер қорамнан алып кетті  
Солай мені қара уайымға салып кетті.  
Сендер не бітіріп отырсындар,  
Ұрымды тауып беріндер.  
Түйе қозғалса да қозғалмайтын  
Өздерің не деген қауіпті едіндер.  
Егер көк өгізім табылмаса  
Үстеріңнен шағым айтып  
Көзіңе көк шыбын үймелетіп,  
Жұмысыңнан қудырамын.  
Сөйтіп, төбене қара күн тудырамын,  
Так, что өгізімді іздеңіздер, -  
Деп ентігін баса алмаған Жымпи  
Ашуының шаңын боратып үйіне қайтты.  
Милиционердің елпектей қоймағанына

Арқасы құрысып, маңдайы тырысып күйіне қайтты,  
Алайда тапқырлығы, бірбеткейлігі өзіне ұнап барады.  
Әлдекімдерге кіжініп, балағаттап ұзап барады.

Үйіне осылай жыннан қашқан адамдай безіп келді,

О, таба жүрегі әлденені сезіп келді.

Қызық-ай, түнде ұрылар үптеп кеткен көк өгіз

Коршісінің қорасынан мөніреп шыға келді.

Жымпи жым болып жерге кіріп кетердей,

Бұға берді.

## **АТТЕСТАЦИЯЛАУДЫҢ ЖАҢА ТҮРІ**

Бөлім бастығы Берік

Директорға жақпайтын.

Өйткені, ол айтпайды,

Айтса дегенінен қайтпайтын.

Тіпті, мінезін түсіңбейсін

Үлкен-ау деп именбейді.

Бастықтың бетіне жиі келетін.

/Кімі бар екен, соншалықты сенетін?/

Бірде ол жиналыста бастықты

Аямай сынап алды.

Сөйтіп, жұмысшыларға ұнап алды.

Қазір олар Беріктің қасынан шықпайды,

Не айтса да құптайды.

Директор бүгінде беделінен айырыла бастады.

Баяғы найзасының ұшы жасып, қайырыла бастады.

Содан соң директор

Қабағын қарс түйіп алып,

Нөкەرлерін жиып алып,

Былай деді:

- Мына неме демократия, ашық сын керек деп,

Өзіне жел бітіп жүр.

Алдына келгенді аямий,

Жүндей түтіп жүр.

«Өлетін бала молаға қарай жүгіреді» - деген,

Аяғын аспаннан келтіріп,

Өзін мекемеден аластау керек.

- Мәке, өйтіп адаспау керек.

Ертең сынға қысым жасады деп

Таяқтың бір ұшы өзіңізге тиеді.

Ендеше, онымен бекерге таласпау керек.

Қайта қолтығына су бүркіп,

Сөзін құптаған болып,

Біраз лепіртіп алыңыз.

Қаншаға дейін барады екен,  
Аяғының астына алтын қойып,  
Тайрандатып секіртіп алыңыз  
Сөйтіп, есер неме бөсігі жүре тұрсын,  
Ит сияқты үре тұрсын,  
Ертең аттестациялау кезінде  
Төтеннен сұрақты беріп,  
Есінен тандыру керек.  
Яғни, комиссия мүшелері аттестацияны жандыру керек.  
Сосын көрейік жел біткен жетесізді,  
/Айтпақшы, сүзіп кете жаздады-ау кеше сізді/.  
Еңбек кітапшасын да реттейік,  
Екі қолын төбесіне қойып,  
Доңыз теріп кететін болсын.  
Бастықтың бетіне келудің не екенін  
Солдай санасына жететін болсын.  
- Мынауың тапқан ақыл!  
- Ендеше, іске кіріскен мақұл.  
Аттестацияда Берікке ойы түгілі түсіне кірмеген  
Тосын сауалдар қойылды,  
Оған Берік: «қойсандар екен ойынды,  
Жолдастар!  
Мынау сұрақтарыңыз менің мамандығымға  
Үш қайнаса сорпасы қосылмайды.  
Ал, өзіме қатысты сұрақтар болса,  
Мына Беріктеріңіз тосылмайды, -  
Деп еді.  
Комиссия мүшелері: ұлардай шулап,  
Кейбірі ер-тоқымын астына алып тулап:  
- Кім жұмысқа қабылдап жүр осындайды?  
Тіпті, мұның бізді жынды деуден қысылмайды.  
Жауабы әлі келте,  
Еще, өзі сонысына қарамай ерке.  
Комиссияға қарсы шығады.  
Мұндайларды жұмыстан босату керек,  
Сонда ғана заман талабын ұғады, -  
Деп әрқайсысы әр жерден айқайлап,  
Беріктің басын айналдырып жіберді.  
- Ойпырым-ай, егемен ел болғанымыз шынымен осы ма»  
дегізіп,  
Өзін әбден ойландырып жіберді.  
Бүгінде директор жиналыстарда:  
- Мекемемізде жариялылық, шұғыл бетбұрыстар

Кеңінен қолға алынып келеді.  
Жұрт жариялылықтың жарылқайтынына  
Көзі жетіп, бағынып келеді.  
Бұрындары аяққа тұсау болатындарды,  
Ортамыздан ысырып тастап  
Демократияға даңғыл жол ашып қойдық.  
Ал, ұжымды азғырғандарды  
Жиналыста сынап екпінін басып қойдық,  
Өз мамандығын меңгере алмайтындарды  
Аттестацияда анықтап,  
Орнынан алып тастадық.  
Сойтіп, жаңа бір жұмыс бастадық.  
Олардың орнына жаңа бастықты  
Сайлап қойып жатырмыз.  
Осылайша кемшіліктерді жедел жойып жатырмыз, -  
Деп сөзімен қылмысын жасырып жүр.  
Сөйтіп, аттестациялауды өз ыңғайына пайдаланып  
Құлығын асырып жүр.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

Емделіңіз... жөнделіңіз.

### ҚАЛТАРЫСТАҒЫ ХАЛ СҰРАСУ

- Інішөк, бұрынғы жайлы жерінде  
Істеп жүрсің бе?
- Иә, аға әзірге істеп жүрмін.
- «Бал ұстаған бармағын жалайды» - деген  
Пайдалы жерін түстеп жүрсің бе?
- Е, аға-ай, сол жерден енді кетсем деп,  
Өзімді өзім күштеп жүрмін.  
Яғни, сол құрығыр «балыңызды»  
көп жалаймын деп  
Бармағымды тістеп жүрмін.

### ҚҰҚАЙЫНАН ҚОРҚАМЫЗ

- Билесіз бе Сіз осы Болғанбекті,  
Ол таяуда тәуіпке барса  
«Саған аруақ қонған» - депті.  
«Біреу жолыңызды мықтап байлаған,  
Сондықтан, үйіңіз жынға толған» - депті.  
- Сол жын кісілеріңізді жібермейді екен,

Құдай атып бүгіннен қорған депті.  
Жынды қуу, әрине, оңай болмас.  
Ол үшін мынадай әдіс-тәсіл қолдан депті.  
Таяуда үйіңізге біреулер қонады -  
Өздері алыс жолдан депті.  
Сонымен, Болғанбек әруақтарын тасып жүр,  
Өзін нағыз әулиелер санатына қосып жүр.  
Біз білетін Болғанбек бұрындары,  
Арақты әкесінің құны бардай тойғанынша ішіп алып  
Қызарып жүретін-ді мұрындары.  
Көршісінің тауығын ұрлап,  
Онысымен қоймай қоңсысын қорлап,  
Мұғалима жас қызды зорлап,  
Үстіне қайғының қара бұлты торлап,  
Құдай тас төбесінен атып сорлап,  
Жеті жыл итжеккенге айдалып кетті.  
Екі-үш ұрлығы ашылмай  
Қайта өзі пайда алып кетті.  
«Аман ердің оты шығар» - деген.  
Бір күні Болекең ыржалақтап келіп отыр.  
«Түрмеде төнтектерге атаман болдым» - деп  
Сұрағандарға «есебін» беріп отыр.  
«Өйтіп едім, бүйтіп едім» - деген сандалбайларына  
Ауылдағы аузы ашықтар өлердей сеніп отыр.  
О, тоба-ай, «сонымнан еріндер» десе-дағы  
Басын шұлғып бәрі де көніп отыр.  
Түрмеде тезге түсіп түзеле ме деген тентегіміз,  
Бұрынғы өнеріне өнер жалғап өндіріп келеді.  
«Екі аяқтарыңды бір өтікке тықпасам,  
адам болмай кетейін» - деп және бір сұмдықты  
Төбемізге төндіріп келеді.  
«Мен мафияның басшысымен доспын» - деп  
Және біреулерді сөндіріп келеді.  
О, несібін айтасын.  
Бір ауылды ашса алақанында, жұмса жұдырығында  
Ұстай алатын күші бар еді.  
(Оған батағын, айтшы, кімнің тісі бар еді?).  
Сол перінің бүгінде  
Ауызында Алласы,  
Басында сәлдесі.  
Көзді жұмып қойып сайрап отыр.  
Барлық білген құранын  
Құдай жолына арнап отыр.



Көктегі Құдайы мен жердегі күнәарларымен  
Байланысты жалғап отыр.

Ол кім?

Сайтан ба, жын ба?

Ойпырым-ай, табан астында ауырып,

Әулие болғаны шын ба?

Бүгінде сенбейік десек,

Құдайынан қорқамыз,

Көнбейік десек, бұрынғы құқайынан қорқамыз.

## **СЫРАХАНАДАҒЫ СЫЙ немесе бір ардагердің хикаясы**

Сыраның кезегінде сарсылып тұрғанбыз,  
Жасыратын несі бар, бірер саптыаяқты ұрғанбыз.

Күн ыстық,

Шөл қысып,

Шіретіміз жетпей,

Уақыт та өтпей,

Осы кезде кейбір кеудемсоқтар

Келе сала алға ұмтылып

Бұдан дереу ұрыс шығып,

Жағамыз жыртылып.

Жалжалдың бірақ дереу басылғалына

Кейбіреулердің тасынғанына

Жүйкеміз жұқарып

Тиісуге қара таппай қағынып тұрғанбыз.

Көптен бері оңды бір ұрыс көрмей

Жұдырыктасуды сағынып тұрғанбыз.

Осы кезде бір қолында таяғы,

Екіншісінде саптыаяғы

Кеудесі толған орден,

Шыққандай бірақ көрден,

Бір ақсақал өңмендеп алға ентеледі,

Дойырбекке осы еді ең керегі:

- Ей, ақсақал!

Кезексіз қайда барасыз?

Қазір кейін қайтпасаң,

Менен сыбағанды аласың, -

Деп тістерін шықыратты.

Дауысының аңы шыққаны соншама

Төбе шашымызды шымырлатты.

Алайда, ақсақал саспады,

Қолын сілтеп, жігітті

Кейін ысырып тастады.

— Балам, мен соғысқа қатысып

Белуардан қан кешіп келгем.

Мұны доқырлар да растайды,

Бүкіл киімімді шешіп көрген, -

Деген еді.

Ұялғанымыздан жым болдық,

Тегі, біз үлкенді сыйлай алмайтын сұм болдық.

Содан адамгершілігімізді дереу биік қойып,

Саптыаяқтарды қарияның алдына үйіп қойып,

Ой-хой, құдайымыздай сыйладық.

Кетерінде бетінен сүйіп,

Екі туып бір қалғанымыздай қимадық.

Қоштасарда ақсақал,

Біздің үлкенді сыйлай алмайтынымызды сынап,

Біраз ашуланып, сөгіп алды.

Сөйтіп тұрып сөзінен шатасып

Өз абыройын өзі төгіп алды.

Айтуына қарасақ,

Бұл өзі соғысты өңі түгіл түсінде де көрмеген,

Алғашқы соғыста-ақ қолын көтеріп

Немістерге беріліп, -

Шығып көрмепті түрмеден.

Жеңістен кейін тағы сәтталып,

Сібірде ағаш кесіп әбден терлеген

«Батыр» екен,

Алайда, «ардагермін» деп ылғи да

Сый-сияпат көріп келе жатыр екен.

## **КАРАМЕЛЬ - ҚАРА БЕЛ**

О, тоба!

Күдекең берем деген кісісіне

Үйіп-төгіп бере салады екен.

Оның ыңғайы да онынан келе салады екен.

Мәселен:

Онсыз да сатушыларды жегіштер деп

Тасбақаға тенең жүрміз.

Зәру зат берсе үйдей ұрлығын көрмей

Өзіміз-ақ олардың қолтықтарынан демеп жүрміз.

Сөйткен, шіркіндердің айы онынан туып кетті.

«Жылы хабарды» естігенде олардың көбісі

Жеудің жаңа «әдісін» жуып кетті.

Кейбіреулер, тіпті, бақыттан басы айналып,

Есерленіп бір-бірін қуып кетті.  
Есі қалмай қуанатын да жөні бар,  
Өйткені, жолдары бөліп кетті.  
Көй сатушы, тауартанушылардың қуаныштан  
Екі жанары ып-ыстық жасқа толып кетті.  
«Көктен түскен бұл не бақыт?  
Айтсаңыздаршы алмай уақыт»  
Дейсіздер ғой. Айтайын.  
Демократия; жариялылық  
одан қалса нарықтық экономика арқасында  
«Ерікті баға» деген бәлекет жұлқынып шықты.  
«Менің дәуренім келді» - деп  
Ортаға ұмтылып шықты.  
Сөйтсек, ерікті бағаның мәнісі мынада екен:  
/Ойпырым-ай, нарықты экономика адамдарды қыра ма  
екен?/

Мысалы, кейде дүкендерде  
Кәдімгі «карамель» деген арзан кәмпитіңіз ұшпайтын болды.  
Ал, жұбайыңыз қыңкылдап сізге сол тәттіні тап деп  
Күн сайын қыштайтын болды.  
Амал жоқ, базарға барасыз.  
Нарқы удай болса да карамельді аласыз.  
Сатушыға: «бағасы неге қымбат?» - десеніз  
Бұрын өтпей тұратын  
Қазір қолыңыз жетпей тұратын.  
Карамельсіз қаласыз.  
Ойбай, сатушыға тиіспеңіз  
Ол бір бәлеге ұрындырады.  
Ал, көңілі түсе қалса  
Оның мәнісін сатушы былай ұғындырады:  
Қазір барлық дүние қат,  
Әр заттың кесімді бағасы дейтіні болады.  
Жасырып неміз бар,  
Оның үстіне сатушының ептеп қосып «жөйтінi» болады.  
Мысалы, бір зат бізде жоқ болса  
Оны мейлі қымбат болсын  
Келісімді бағамен аламыз.  
Ал, егер сол тауар тым көбейіп кетсе де,  
Әлігiң бағасын кемiтуге келмейдi бiздiң шамамыз.  
Осылай баяғының бiр сомының арзан кәмпитi  
Бүгiнде шиколадтың құнымен бiрдей болып  
Жақсылардың қасында ерiксiз байланып жүр.  
Сөйтiп, келiсiмдi баға-кесiрдi бағаға айналып жүр.

Бақсақ, бұл гайдакүнемнің айласы екен.  
Ойлағандары бас пайдасы екен.  
Ех, карамель, карамель!  
Сені жеу үшін қаржы жинал,  
Үзілетін болды қара бөл.

## ОЙЛАЙ МА ЕКЕН?

Тып-тыныш жатқан ел едік,  
Дос біткенге көл едік.  
Дұшпандарға шөл едік.  
Бүгінде баға деген ұшқан құсқа жеткізбей,  
Шарықтап күннен күнге осә түсті.  
Ал, жоғарыдағы басшылар  
«Берін кейін қатырамыз» - деп бөсе түсті.  
Қазір қара нанға зар болған отбасылар:  
«Ақырзаман таянды ма екен» - деп шошынады.  
Ал, кооператив, бизнесмен дегендер,  
Ақшаны оңды-солды шашып басынады.  
«Енді тағы кедей мен бай болып бөлінеміз», - деп  
Біреулер алдың-ала бал ашып жүр.  
«Жоқ, дамыған елдерге теңөлеміз», - деп  
Олармен тағы біреулер таласып жүр.  
Қайсысына сенерін білмеген ашқұрсақтар  
Алғуаттардың ауыздарына қарасып жүр.  
Қарамай қайпек?  
Олармен кім санасып жүр?  
Бұрын ұры-қары, бұзықтарды  
Елді бүлдіретін бәлекет деуші едік.  
Енді дәріптеп «рэкет» дейміз.  
Істеп жүргендері елді шулатса да  
Мұның өзі әрекет дейміз.  
Мафия дейтін тағы бір пәле шықты.  
Оған да өтіміз өліп келеді.  
Осылай келешекке деген сенім  
Бірте-бірте сәніп келеді.  
Ау, осы  
Әкімдер момын елді ойлай ме екен?  
Әйтпесе, «қолымнан келмейді...» деп  
Қызметтерін қоймай ма екен?

## ТЕСПЕЙ СОРУ

Өсімбек  
Сонау тоқырау жылдарының өзінде  
«Өзім, өзім, өзім» - деп,

Өзеуреп,  
Тек өзіңкіне келгенде көкезуленіп,  
Кокесін ұмытып кететін.  
Дүние жинауға келгенде  
Оған жан жоқты жететін.  
Тышқаншылап мемлекет мүлкін үйіне тасып,  
Қоғам жұмысына келгенде  
Тырысып қалатын.  
Жұмысқа шық деп келген қай бастықпен де  
Долы қатындай ұрысып қалатын.  
Енді сол өз дүниесін өзіне қимайтын.  
Тек Бөлтебердей керекті-керексізді  
Үйіне үйіп жинайтын.  
Өсімбектердің қолдарына үш түз шығып,  
Дәурендері жүріп тұр.  
Баяғы иіс сезбес итіне де жал бітіп,  
«Ием менің осындай» - деп,  
Хан сарайында ешкімді жолатпастан  
Шабалана үріп тұр.  
Бүгінде сол Өсімбек,  
Бізге керегі өсім деп,  
Шетелдерді басып,  
Мәскеу асып,  
Қырым асып,  
Ол жақтағы сыбайластарымен жымылдасып,  
Дүние-мүлікті вагондап әкеліп,  
Жүз есе бағасына сатып жүр.  
Сөйтіп ауылдастары ауыз тие қоймаған  
«Құтты қазаннан» дәм татып жүр.  
Ауылда оның «Тек өзіме» - деп аталатын  
Мал тапқыш кооперативі бар.  
Өзінше айтсақ,  
Замана көшіне ілесе білетін  
Жігіттерінің ісінде «оперативі бар».  
Құжаттары да қатқан.  
Заң орындары оған ләм дей алмайды,  
Өсімбектей кооператив мандайшасын  
Ешкім де сәндей алмайды.  
Келген-кеткен амалсыз аялдайды.  
Кооператив оларға «адал» қызмет студен аянбайды.  
Қысқасы, бүгінде іскер атанған Өсімбек,  
Қарапайым халықтың онсыз да жұқа қалтасын  
Теспей сорып жүр.

“Біз ғана ел қамын ойлайтын” деп  
Аузымен орақ орып жүр.  
Е, мұндай малтапқыштар,  
Басқа ауылда да толып жүр.

\*\*\*

## ПАПАСЫНЫҢ ЖАУАБЫ

Баласы папасына сұрақ қойды,  
Топырлатып бір-ақ қойды.

- Кеше мектептен қайтқанымда  
Бір масы көлшіктен көрдім,  
Кім екен деп үстіне төндім,  
Өзі итше ырылдап,  
Шошқаша қорылдап жатыр.  
Көздері іріндеген,



Айтшы, папа,  
Бүкіл денесі неге дірілдеген?

- Мас қой.

- Неге мас?

- Өйткені, ол нас!

- Нас деген немене?

(Бала айтқанға көне ме?

Сұрақ оннан асайын деді.

Асқан сайын папасы

Сасайын деді.)

- Папа, көз алды неге ісінген?

Адам қорқады екен түсінен.

А, пап, беті неге тыртық?

Киімі неге жыртық?

Осылай сұрақ автоматтың оғындай қаптады.

Папасының қалмады енді айтпағы.

Расында, лайықты жауап таппады.  
Сөйтіп, миы ашыған әкесімен,  
Баласының арасында тартыс болды.

- Охо! - деді кенет әкесі, -  
Жерден жеті қоян тапқандай, -  
- Ол нағыз әртіс оңды.

Шамасы, «көлшікте жүзу» роліне  
Дайындалып жатқан болды.

...Бұл жауабы енді қатқан болды.

## ТИТЫҚ ПЕН ПЫШАҚ

Титық бірде ішіп алып,  
Пышақпенен егесті.  
(Бұрын мұндай емес-ті).  
Содан пышақты жүзінен ұстап ап:  
- Қызталақ!  
Сені сындырып жіберемін.  
Сөйтіп, шаруанды тындырып жіберемін! -  
Деп кіжініп отырғанда  
Пышақ қолын осып кетті.  
Қан жосып кетті.  
Титықтың содан бері,  
Сол жыны ұстамайтын болды.  
Ұстаса да Пышақты  
«Қыштамайтын» болды.

## АТА-АНАНЫҢ САБАҒЫ

Мүғалім ата-анаға шағым айтты,  
Өзі іздеп барып айтты.  
- Баланыз әріптерді қоса алмайды,  
Оған оқытып үйретіңіз.  
Менің миым ашып бітті,  
Үйренбесе, тісін күйретіңіз.  
Әкесі ұлым алдына шақырып алды,  
Әуелі біраз бақырып алды.  
Осыдан үйренбесең  
Құлақ шекеңнен қойып жіберемін деді,  
Төбеңді ойып жіберемін деді.  
Баласының көзі бақшиып,  
Қалш-қалш етіп дірілдеді,  
Әкесінің оған жүрегі жібімеді.  
- Мынау не сөз?  
- Мас.  
- Дұрыс. Мынау ше?

- Лас:

- Молодец.

- Ау, мынауың оқымысты ғой.

Мұны білмейді деген мұғалімнің өсі жоқ,  
Не сумкасында бұған қоятын бесі жоқ.  
Бұл бала тура ғалым болайын деп тұр,  
Атағы айдай әлемге мәлім болайын деп тұр.  
Осы кезде сөзге мамасы араласты,

- Әй, жексұрын неге сені қара басты?

Үйреткен сөзінің түрін қара?

«Мас» пен «ластан» өзге сөз,

Осы саған құрып-қала ма?

Әлде басқа сөз көмейінде тұрып қала ма?

Сенің ол былжырағаныңнан бала не ұғады?

«Іріген ауыздаң шіріген сөз шығады»

Деген тап рас.

Сенің сөзің де, өзін де лас, -

Деп мамасы бір айқай бастап кетті.

Папасы «ұрыс аланың» қол көтеріп тастап кетті.

Баланың бұл «тәрбиеден»

Миы қатып тұр.

Әріптерді қоса алмай

Әрнені бір шатып тұр.

## ТАНЫСУ

- Қарындас!

Осы мен Сізді бір жерде көрген өскілімдім,

Артыңыздан біраз жерге дейін ерген секілдімін.

Қырда ма әлде ойда ма,

Әлде бір кеште тойда ма?

Әйтпегің, көргенім анық.

Оған көңілім қанық.

Кел, қол алыссылық,

Кәне, танысалық.

Менің аты-жөнім

Дымбілмесов Сужұқпас.

Деп жүрме мені дым ұқпас.

Керемет қаратиспін.

Содан сынған қара тісім.

Гитарада да ойнаймын,

Бір ойнасам бірақта

Бір тәулік бойы қоймаймын.

Және ақынмын,

Қыз-қырқындарға жақынмын.



**Жо-жо-жоқ,  
Олай емес екен ғой,  
Ол бір елес екен ғой.**

Жалғыз кінәм бойдақты,  
Жар іздеп жүрмін өзіндей  
Орамалыңды сыйға берші  
Көріп жүрейін көзімдей.  
Ал, енді қарындас,  
Оң рай берсеңіз екен  
Сөзіме сенсеңіз екен.  
Егер қолыңыз бос болса  
Кешке киноға келсеңіз екен.

- Ой, ағай!

Бүгін немене өзіңізге бір жел біткен бе?  
Әлде көзіңізге шел біткен бе?  
Мен білем Сіз Қаныбайсыз,  
Қалай мені танымайсыз?  
Мен Рақымның Үрбісімін ғой.  
Сіздің үйлену тойыңызда  
Жолдас қыз болған  
Жұбайыңыздың құрбысымын ғой.

## **ҚАЙНЫСЫНЫҢ ҚАЛЖЫНЫ (оспадарсыздар ойыны)**

Кең жайлауда екі қойшы кездесті,  
Әуелі біз десті, сіз десті.  
Содан бірі ерігіп тұрып,  
Едірендеп желігіп тұрып:  
- Осы сен менімен жезде боп ойнайсың, ә?  
Өзің де қолға түспей жүр едің,  
Мына мылтықпен өзінді атып жіберсем,  
Кіш етіп қоймайсың ба? - деді.  
Жездесі,  
(Бар еді оның да еzbесі):  
- Несіне мен саған өлпектеймін,  
Мылтықтың дауысына  
мен тіпті, селт етпеймін.  
Одан да әйеліңді қорқыт.  
Ойнағаным ойнаған,  
Сөзімді екі етпеймін - деді.  
Қайнысы,  
(Ол да оңған қай кісі?):  
- Жүрегіңнің мыстылығын шамалайын,  
Егер олай-былай болып кетсең,

Мен-ақ түрмеге қамалайын,  
Деп мылтықты жездесіне кезеніп атып жіберді.  
Атқанымен қоймай  
Әлденелерді айтып шатып жіберді.

«Батыр» жездесі қорыққанынан,  
Жалп етіп «қатып» қалды.  
«Мерген» болса көзін тарс жұмып жатып қалды.  
Әлден соң өзі де тәубесіне келіп,  
«Мылтықтағы күр дәрі еді» - деп ақталып отыр.  
Ал, жездесі тұруға бет жоқ  
Өйткені,  
Ішек қарнындағы қалған-құтқанын  
Шалбарының шіне ақтарып отыр.

## **МОЛДА МЕН ТӨКЕҢ**

Төкең дәрігерге сенбейтін,  
Оны тек молда ғана емдейтін.  
Молда келіп «үшкірсе»,  
Жазылмаса да - «өлмейтін».  
Сол Төкең бүгін табан астынан ұшып түсті.  
Бет-ауызы мен ерініне ұшық түсті.  
Ауырған соң айқай сап:  
- Кемпірі - деді.  
Тезірек молданы келтір, - деді.  
Кемпірі молданы келтірді.  
Анау қасында отырып желпінді.  
Тамырын ұстап көрді де -  
Үшкірді,  
Түшкірді,  
Сосын, ем айтты үш түрлі.  
Маған сенесің деп ұқтырды,  
(Шәйнектегі шәйді тақиясымен бұқтырды).  
Тәкене жан керек,  
Одан артылса мал керек,  
Жата-жабысты.  
(Молда да біліп алған табысты,  
Миығынан күліп қойды).  
Сөйтті де, саусағының бірін бүгіп қойды,  
- Бірінші ем-садақа бересің,  
Екінші - көк жорғаң менікі болады,  
Үшінші - Меккеден әкелген,  
Зәмзәм суы сенікі болады.  
Қарап қойды шекеден,  
(Қайдан әкелсін Меккеден,

Қызылкөлдiң суы едi,  
Молда елдiң қуы едi).  
– Бiр-екi апта iшесiз,  
Қайта сабаңызға түсесiз.  
Жазыласың, әмин, - деп  
Кетерiнде сарнап кеттi.  
Молда сойтiп алдап кеттi,  
Тоқеннiң жиған-тергенiн жалмап кеттi.

## ҚЫСЫЛҒАНДА

Кабинеттiң қақ төрiнде Күдеров отыр,  
Жауар бұлттсы түнерiп отыр.  
Түнермей қайтсiн,  
Шаруашылық оңбай түр.  
Әр қорада айқайлаған «ойбай» түр.  
Себебi:  
Қоралар бос қанырап түр,  
Шөп жетпей мал маңырап түр.



Қантардың түрi жаман суық,  
Белуардан қары,  
Боранының зары бар.  
Солай отарды қораға тығып барады,  
Шаруашылық басшыларының дiңкесiн «сығып» барады.  
Басқадан көмек келгенше,  
Қарап бiрақ жита алар ма,  
Тiрелдi Күдеров бiр амалға.  
Ауылда қамь с қора көп болатын  
iшiнде кәшектерi көп болатын.

Осыны түгелімен тасыту керек,  
Қорасы да шөп қой.  
Бұны қосқанда көп қой.  
Міне, шөп дайын,  
Қысылмасын шопан  
Іше берсін шайын.

\* \* \*

Қысылғанда қиыннан жол табатын,  
Күлеров тапқыр да зәрек қой.  
Дегенмен қыстың қамын  
Жазда да ойлау керек қой.

## **СЫЙЛАЙДЫ, ҚИНАЙДЫ, ЖҮР**

Рәкет дегендер,  
Біреуді қан қақсатып  
Жиған-тергенін сыйпап кетеді.  
Алғанының жүзден бірін жетім-жесірге  
Жомартсынып сыйлап кетеді.  
Енді «өл бізді мақтайды  
Бәрі бізді жақтайды» - деп  
Өзінше бедел жинап жүр.  
«Кісі ақысы кісіні жібермес» - деген  
Бір беймаза ой мені қинап жүр.

## **ТӨБЕМІЗДІ ОЙЫП ЖҮР**

Аяқ астынан жұртты жинап алып,  
Төрағалыққа өзін сайлап алып,  
Мыртық жиналысты бастап кетті,  
(Байқаймыз өзі бірер жүзді тастап кепті).  
Әуелі ол жиналғандарға қарап алды,  
Тамсанып ернін жалап алды.  
- Жолдастар!  
Күн тәртібіне бір-ақ мәселе қойылып отыр.  
Өздеріңіз білесіздер,  
Егемендік, демократия арқасында  
Әкімшілік пен әміршілдік жойылып отыр.  
Так што,  
Кімді сайлаймын десеңіздер де еріктеріңіз;  
Сондықтан тәуекелге белді байлауымыз керек.  
Яғни, бүгін ұжымға бастық сайлауымыз керек.  
Кәне, кімде қандай пікір бар?  
- Өзіміздің көптеп білетін Шүкір бар.  
Сол-ақ екен Мыртық ыршып кетті.

Сөзімен ұсыныс айтқанды қыршып кетті.

Ол бір сөйлесе жуық маңда тоқтамайды.

Ондай мылжыңды ешкім жақтамайды,

Жолдастар!

Ұсынайық байыптыларды,

Атаған жон лайықтыларды.

Осындайда қайдағыны айтып сандырақтайтын,

Мініміз бар,

Одан да жөнге көшейік,

Қане, тағы кіміміз бар?

- Жалғас!

- Әй, оның маубас.

- Аңқау!

- Ол шірік түске дейін ұйықтайтын жалқау.

- Бастықтыққа жарайды ғой Болат та.

- Ол бәленді-жолатпа!

Қалаға барса бір апта құрып кетеді.

Ауызына арақ тисе

Бүкіл ауылды қырып кетеді.

- Сонда лайықты ешкім қалмады ғой,

Деп біреу ортадан сыбыр етті.

Сол-ақ екен Мыртықтың бет-ауызы жыбыр етті.

- Мұны айтып отырған қай коргенсіз, -

Деп орнынан атып тұрды.

Бірнәрселерді күңкілдеп шатып тұрды.

Содан бірер стакан су ішіп,

Ашуын әзер басты.

(Бастыққа қарсы кеп бола ма,

Жұрттың дегбірі кетіп, әбден састы).

- Жолдастар!

Қазір екі кандидатураны атаймыз,

Қай жеңгені бастық болады.

Ал, енді бұл екеуін де тіркемегеніміз

Демократияға жасаған қастық болады, -

Деп Мыртық бір кісінің,

Ал, орынбасары тағы біреудің

Кандидатураларын тізімге жаздырып жатты.

Оған қарсы болғандарды

«Жаңа бастамаға қарсысыңдар» - деп жазғырып жатты.

Тосын кандидатураларды танымай тосылдық,

Амал, жоқ, бастық жасаған ұсынысқа қосылдық.

\*\*\*

Қазір жаңа кадр мәселені төтесінен қойып жүр,

"Бастықтың баласымын: айтқанымды істетем" деп  
Төбемізді ойып жүр.

## ШЫБЫН ЖАН

Таңертең дәрігер ашулы еді,

/Қан қысымы тасулы еді/.

Расында, оның құйын сокқандай мінезі боп тұрушы еді.

Қарамағындағыларды отты көзімен жеп тұрушы еді.

Қатулы қабақ койсын ба,

Сол кезде

Сау адам құлап, ауру орнынан жүріп кететін.

Дәрігер бір ашуланса ит болып үріп кететін.

Бүгін де ол борандатып келді.

- Тазалықты сақтамағансыңдар,

Палаталар шыбынға толып кетіпті, - деп

Барлығына тиісіп, арандатып келді.

Шынында, ол тазалыққа тым мығым еді,

Оның қас жауы да шыбын еді.

Содан жаппай шыбын қуу басталды.

Өзге жұмыстар тасталды.

Күн жаз ғой,

Ауа жетпеген аурулар есік, терезені ашып тастайтын.

Сол кезде бірлі-жарым шыбын палатаға кірген болар.

Соны қырағы дәрігер көрген болар.

Барлық палаталардан жалғыз шыбын табылды.

Ақ халат кигендер соны ұстауға жабылды.

Не керек, түске дейін шыбын қуу болды.

Содан кейін едендерді ысқылап жуу болды.

Аурулардың бар-жоғы еленбеді.

Дәрігер оларды «түс қайта-ақ коред» - деді.

Осы кезде палатаның бірінен аурудың жан дауысы шықты.

- Ойбай, шыбын жаным, қазір мен өлемін, - деді.

...Әлгі сорлының жағы қалды қарысып.

\* \* \*

Осындай да дәрігерлер бар,

Ауруды емдеу орнына

Шыбын қуатын жарысып.

## «ЖАРЫС»

ТАҢЕРТЕҢ:

- Кел, қане, жарысамыз ба?

- Жарысамыз.

- Кім қалса сол бір шиша қояды.

Соған қол алысамыз ба?

Алысамыз.

— Мен күніне бір жарым норма істеймін.

— Мен де сенен кем түспеймін.



- Бір күнде мен екі техника жондеймін.

- Ал, мұныға енді сенбеймін.

- Ой, сенен қалып мені жын ұрып па?

Өйтп жанымды қоздырма.

- Сен де бекерге уақыт оздырма.

Одан да іскә кіріс.

Құр сөзбен тұрып қалдық,

Бітетін еді бір іс.

*KELIKE:*

- Қане, кім озыпты көрелік,

Озғанға бәйге берелік.

- Слесарь Санбай мен Садық

Көрінбейді ғой.

- Е, екеуі бүгін ерінбейді ғой,

Өйткені, екеуі бөстескен.

Қалғаны шилла алады.

Кім ақшасын қия алады?

- Онда екеуі бүгін қайтпас үйлеріне,

Сірә, екеуінің де арыны қатты ғой.

- Міне, жігіт деп осыны айт.

Жарыс көрігін жалындатты ғой.

Кой, көп сөзден не шығады?  
(Осы бізде бас бар ма?)  
Одан да қос батырды ізделік  
Үлгі болсын жастарға.  
Бәрі іздеуге жабылды,  
Әрі-бері сабылды.  
- Сүйінші, ойбай табылды!  
- Бір ботелке бар орталарында  
Кілттері қалталарында  
Қорылдап жатыр.  
Ұйқының нормасын  
Бес есе орындап жатыр...

## ҚАНҒА СІҢГЕН ӘДЕТ

Өсектің қызыл шоғын кесеп қойып,  
Бірді айтып бірге көшіп кетеді.  
Қолдарын оңды-солды бөзеп қойып,  
Мақтанғанда босіп кетеді.  
«Романынын» нөкта-бауын сыпырып,  
Анау-мынау «жотаңда» сүрінбейді.



Бүйірі қызған сайын жұтынып,  
Тілі ұзарып, көздері іріндейді.



\*\*\*  
Құй тыңдағын, тыңдама  
Құлағыңа масадай ызындайды.  
Төске озған сайын шыңдана  
Бес-алты сағатсыз қызы-байды.

Сен оған ақыл айтып әуреленбе,  
Қайткенде өзінікін дұрыс көреді.  
Күмәндансаң егер де кейде сен де,  
Осы жерде от тұтанып, ұрыс кіреді.

Қара судан каймақ алып,  
Асқа «толады» аяқ-табағы.  
Бірді бірге айдап салып,  
Содан өзі тоят табады.

Өз ісін асырып «әйбәт, кесек» дегенде,  
Әңгімесіне елітіп айта алмай қалады.  
Мақтанып отырып біреуді өсектегенде,  
Кейде өзі де байкамай қалады.

Аузы-басы сүйреңдеп,  
Бет-ауызы жыбырлап тұрады.  
Сірә, тек жамандықты үйрен деп  
Иығында сайт-ндары сыбырлап тұрады.

Бетіне айтсаң дұрысын,  
Одан сайын үдейді.  
Қанына сіңген, құрысын,  
«Қисықты мола түзейді».

## **КЕШЕ, БҮГІН**

### **/тұрмыстық пародия/**

Бұрынғының адамдары -  
Ең алдымен арды ойлаған.  
Қазіргінің «жамандары» -  
Тек қолында барды ойлаған.  
Кешегінің көңбістері -  
Күндіз-түні еңбек ететін.  
Бүгінгінің «көңгіштері» -  
Оңай теңге қайда деп  
Ашып тұрады етегін.  
Е, баяғыда атағарымыз

Күндіз-түні шаруа білққан  
Қазіргінің "апалары"  
Тек коммерсант жігітке жаққан.  
Бұрын Исатай, Махамбеттер  
Елі үшін атқа қонып еді.  
Халқына зәбір көрсеткендердің  
Жон арқасын жонып еді.  
Бүгінгінің жастары –  
Көшенің «сәні» – мастары  
Отан қорғаудың орнына  
Әскерден қорқып қашып жүр.  
«Қашан ұстап алар» деп,  
Көлеңкесінен сасып жүр.  
Қалтасы толып теңгеге  
Жалғанды жалпағынан басып жүр.  
Осындай ұлды ұлым деп.  
Қай ананың көңілі тасып жүр?  
Несін айтасыз күні кеше  
Қыздарымыз «Сіз» деп сызылып тұратын.  
Қазіргінің қыздары теңге көрсе  
Болды ғой жүдә қызынып тұратын.  
Ой-мақсаты бұзылып тұратын.  
Өткен ғасырда ата-бабаларымыз  
/Осыдан-ақ езіміз шамаларымыз/  
Орақ орып, егін өкті.  
Кер төбел атқа арба жекті.  
Шеттерінен болып ед өпті.  
Сонда да күндіз-түні шаршамайтын,  
«Бидай піс, ауызыма тұс» деп  
Оңай олжа аңсамайтын.  
Қазір не, ойбай  
Қолдары күрекке тиіп кетсе,  
Ойылып қалады.  
Бір күн жұмыс істеді дегенше  
Дәрмені кетіп, «сойылып» қалады.  
Сірә, бүгінгінің жалқаулары  
Дайын асқа тік қасық болып  
Тойынып барады.  
Е, несін айтасыз –  
Кешегі жақсы қасиеттеріміз  
Іркітттей іріт жойылып барады.  
Бүгінде халықтың күйі кері кетіп барады,  
Алыпсатарлар алдап сатқан

Заттарының күйігі отіп барады.  
Е, олардың сондай желаяқ болып алған.  
Америкада арзан зат бар деп есітсе  
Лезде-ақ жетіп барады.  
Не егін екпейсің, не мал бакпайсын  
Жұмыссыздық жайлап барады.  
Нан алатын теңгесі жоқ  
Халықтың іші қыз-қыз қайнап барады.  
Мынау заман қай заман!  
Зұлымдарға толған айналаң  
Үйінді тонап қоймаған.  
Тек жылтындар ғана күн көретін  
Кері кеткен заман болды.  
Қайда барсаң Қорқыттың көрі  
Аржағын өзің түсініп ал,  
Осымен айтпағым тамам болды.

## АМАЛ

Жаңа жүйе тиімді деп,  
Қазір күнде жиын болып тұр.  
Бұл біреуге ұтымды,  
Екіншісіне қиын болып тұр.  
Қазір шофер дегендеріңіз  
Чексіз қия баспайды.  
Мейлі қыстаудағы қойға қасқыр шапсын:  
Оған ешбір саспайды.  
Өйткені, бензині де, спидометрі де өлшеулі.  
Қия басса бастықтары біліп қояды.  
«Артық жұмыс жасағансың», — деп  
Мойнына ақша «іліп» қояды.  
Сондықтан да тура келіп  
Келген ізімен кері қайтып кетеді.  
Және қашан, қай сағатта  
Келетінін айтып кетеді.  
Енді ешкім ерікпейтін болып еді.  
Бұрынғыдай ақбөкен қуып желікпейтін болып еді.  
Бірақ бұған кім шыдасын?  
«Бір амалын табу керек.  
Ақбөкен қуып кеткен бензиннің орнын  
Бірнәрсе етіп жабу керек», —  
Деп шоферлер қыңқылдасын.  
Шопанбыз ғой біз деген,  
Амалды таптық іздеген.  
Сөйтіп, қиындық бізден тағы қашықтайтын болды.

Шоферлар қазір қайта құруға асықпайтын болды,  
Өйткені, түнімен ақбөкен атқан оларға  
"Пәлен іске пайдаландық - деп  
Керегінше чек жазып беріп жүрміз.  
Сойтіп, машинаның қызығын көріп жүрміз.  
Қазір шоферлардың  
Чегі түгіл, қанжығасы майлаулы.  
Сондықтан да оның машинасы  
есігіміздің алдында байлаулы...

## ҚОЗЫ НЕГЕ АЗ ДЕСЕК?

Күйек алу кезінде  
Бөкенбай бөсіп еді.  
Көмекшісі екеуі  
«Әр жүз саулықтан 150 қозы аламыз,  
Уәде орындағаласа  
Бетімізге түкіріңіздер» десіп еді.  
Енді әріптестеріне де, бастықтарына да  
Жаға алмай стыр.  
Уәде біткен желге ұшып,  
Кірерге тесік таба алмай отыр.  
Сөйтсек ол  
Ұйқысы қанып, шайын ішіп болған соң  
Қойларын қорадан тырқыратып қуып шығады екен.  
Қораның асты сыз болғаннан соң  
Қойларының асты «суып» шығады екен.  
Аш қой өріске ұмтылып,  
Бір күлдіп, бір тұрып,  
Ауызына іліккенін тістейді екен.  
Бөкен ат үстінен түспейді екен.  
Түссе – жуық арада мінбейді екен...  
Содан түс болмай отарды алдына салып,  
Ауылға қуып келеді екен.  
Өрісте қасқыр шапқандай  
Жеделдетіп суыт келеді екен.  
Жайылымнан кейде қойы келіп,  
Өзі келмеген кезі болды.  
Әйелі абырой ойлап,  
Айта-айта мезі болды,  
Көмекшісімен карта ойнап өрісте  
Қойларын қаптатып алып өгіске,  
Бірде шекесін ісіріп келді.  
«Қырамын да, жоямын» деп,  
Буырқанып ісініп келді.

Мұндайын лайым санатпа,  
Он бес күн айықтырғышта  
Болып та қайтты қонақта.  
Міне, осылай бұл күнге,  
Отарын әрен жеткізген екен.  
Қозы неге кем? – десек:  
Күзгі күйек алу науқанын да,  
Тап осылай өткізген екен.

## МЕШКЕЙДІҢ МҰҢЫ

Мескарын деген ағамыздың  
Ішінде жыланы бар.  
Тойып тамақ жемеген күні  
Жеңгемізді жүндей түтетін ылаңы бар.  
Сол ағамыз  
Таңғы бесте орнынан атып тұрады.  
Атып тұрсды да денешынықтыру жасағансып,  
Бір-екі рет жатып тұрады.  
Содан кейін бір бөлке нанға  
Бір килограмм сары майды жағып жеп,  
Оншақты жаңғақты шағып жеп,  
Оразасын ашады.  
Бір шәйнек шай ішіп  
Жыланын солай басады.  
Мұнан кейін жеңгеміз тұрып  
Түнде қалған тамақты жылытады.  
Оны да «жүдеу» ағамыз қылғытады.  
Сағат онда ағамыздың қарны тағы да ашатыны бар.  
/Түскі асқа жеңгеміз үнемі ет асатыны бар./  
Ал, сағат үште, төртте, бесте,  
Әйтеуір, сағат сайын  
Ағамыздың тамағы дайын.  
Бұлай етпесе ағамыздың қарыны шұрылтап тұрады,  
Қабаған иттей ырылдап тұрады.  
Солай жастыққа басы тигенше  
Тамақ ішуден қолы бір босамайды.  
Ал, тамақ болмай қалса  
Оны ағамыз тоса алмайды.  
Дереу тоназытқышты ашып  
Оны-мұны тауып,  
Қабағынан қар жауып  
Қанша жұтса да тоймайтын  
Өңешіне асырып жібереді.  
– Тамақты дер кезінде пісірмейсіңдер – деп

Жеңеміздің әпшiсiн қашырып жiбередi.  
Көлденеңi мен биiктiгiнiң айырмашылығы жi,  
Бүгiнде сол ағамыз  
Қазы-қартаны алдына үйiп қойып жеп отыр.  
Ыңкылдай түсiп, әбiржiп,  
«Асқазаным бүредi, жүрегiм ауырады» деп отыр.

## АЯЛДАМАДАҒЫ ӘҢГiМЕ

Шашы-көзiн бояп қойған,  
Сөздерiне қарасаң,  
Ақырзаманды таяп қойған.  
Екi сылқым кездестi де  
Бiрiнiң қолын бiрi «привет» деп ұрып қалды.  
Алақандарының дауысы қатты шыққаны сондай  
Бiр қария состиып тұрып қалды.  
Содан не керек –  
Әлгiлер «орысшасын» шүлдiреп бастап кеттi.  
Аялдамада екеуi ғана тұрғандай  
Бiрiнiң сөзiн бiрi қоштап кеттi.  
– Люба, завтра киноға барамыз ба?  
– Я завтра занята, послезавтра барамыз да.  
– Ладно, кеше мен каша варить еткем,  
Соны кушать етейiк.  
– Почему, одан да ертерек.  
Ресторанға жетейiк.  
– А, ты занята емессiң бе?  
– Ресторанға время табылады.  
– Давай, кеттiк!  
Бүгiн бiр жiлiнiң қалтасы қағылады...

## ЖАЙЛАУДАҒЫ «КОНЦЕРТ»

Кешкi апақ-сапақта  
Жайлауға автоклубын өнтiктiрiп Ерiк келдi,  
Оған төрт-бес артист ерiп келдi.  
– Ақсақал, бас шопан сiз боласыз ба?  
– Бiз боламыз.  
– Онда Ерiк деген зававтоклуб бiз боламыз.  
Кино, концерт әкелдiк, көресiздер ме?  
Лекциямыз бар және сiздерге.  
– Айналайындар-ай!  
Жаңа түскен келiнiм ерiгiп отыр едi,  
«Бүгiн-ертең ауылға кетемiз» деп желiгiп отыр едi,  
Жақсы болды келгендерiң,  
Аталарыңа сәлем бергендерiң.

Мен бір тоқты жайғайын,  
Сендер киноларыңды құра беріңдер,  
Айтпақшы, үйде ет жетеді дегендей  
Қайтқандарыңша бізде тұра беріңдер.  
– Ой, ақсақал біз олай жата бермейміз,  
Алда сіз сияқты шопандар күтіп отыр.  
Малшыларды араламайсыңдар деп,  
Бізді ауылда бастықтар күн сайын түтіп отыр.  
Таңертең ерте кетеміз.  
Ал, бүгін сіздерді концертке қарық етеміз.  
Жалғыз үй көрген жараспас,  
Көршілеріңіз де түгел келсін,  
Біздің өнерімізді көрсін.  
Оған дейін жайланып алайық,  
Ет жеп, шайланып алайық.  
Мұны естіп бас шопан атын қайта ерттеп,  
Көршілерді түгел жинап келді.  
Тіпті, кейбіреулеріне шаршағандарыңды ұмытасыңдар деп,  
Келмесіне қоймай қинап көлді.  
Әуелі кино басталды  
/Жаксы кино көреміз деп,  
Кейбір шопан аш қалды/.  
Қызықты кара бұл деген,  
Кино қазақша басталып  
Орысшаға ауысып кетті.  
Сөйтіп, шопандардың шыдамын тауысып кетті.  
Киноның оқиғасын жұрт ұғынбады.  
Басы соғыс тақырыбы сияқты еді,  
Аяғы махаббатқа ұласып,  
Бір жігіт бір қызға қырындады,  
Сол-ақ жұрт ұлардай шулап,  
Кейбірі ерін астына алып тулап  
Ерікке жұдырықтарын алып шап берсін,  
Ол да қу екен,  
Түлкідей бір жағына жалт берсін.  
– Оу, халайық кешіріңіздер,  
Пленкалар ауысып кетіпті,  
Бұдан басқа фильмдерді,  
Бізден бұрын барғандар тауысып кетіпті.  
Жарайды, енді концертімізді бастайық.  
Келген екенсіздер қашпайық.  
Бізде небір бұралған бишілер,  
Саусағынан күй төгілген күйшілер

Күміс комей әншілер бар.  
Концертімізді көрген де, қормеген де арманда.  
Концерт көріп таң атқаннан  
Не қызық бар жалғанда.  
Деп концертін бастап кетті.  
Бірақ, «өңшең шуылдаған нәме» екен деп,  
Кейбір шопандар концертті тастап кетті.  
Ертесіне артистер  
Әуелі тамақтарын тойдырып алды,  
Содан соң «автоклуб келді» – дегізіп,  
Бас шопанға қол қойдырып алды.

### «ҮНЕМДЕУ»

Милиция қызметкері магазин ішін,  
Шағын көлге ау салған балықшыдай  
Түк қалдырмай сүзіп шықты.  
Содан соң кемшілікті  
Біртіндеп жіпке тізіп шықты.  
– Жұрт сені «тауардың бағасын асырып сатады,  
Дефицит заттарды таныстарына жасырып сатады».  
Деп шағынып еді, рас екен,  
Оған мына тығулы заттар айғақ.  
Бұл қай қылған әдісің,  
Ал, түсіндірші осының мәнісін?  
– Ау, енді қай жерде де  
Үнемдендер деген ұран қаптап кеткен жоқ па?  
Бұны барлық ел жақтап кеткен жоқ па?  
Бұл да бізге қатысты,  
Ендеше қылмысқа емеспін мен шатысты, –  
Деп дүкенші уәж айтты.  
(Милиция қызметкерінің беті қайтты).  
Расында, оның сөзінің «жаны» бар-ау.  
Тауарларды үнемдеп ұстамаса  
Алыпсатарлар көтеріп әкетіп,  
Басқа тұтынушылардың «ойбайлап» қалар  
Зары бар-ау

### «А У Р У»

Кісіні мақтағаны,  
Асау жылқының шабына тигендей,  
Біреуді ақтағаны,  
Қара бұлтты басына әкеп үйгендей,  
Қотыр ешкі сияқты  
Тұра алмайды сүйкенбей.



Байыз тауып отыра да алмайды,  
Тап бір асты күйгендей.  
Құбылмаса өліп кетеді,  
Минутына бір күйге енбей.  
Сыбырласып сойлескенде  
Жабысып қалып сүйгендей.  
Оның осы қылығынан боласың,  
Көп нәрсені түйгендей.  
Бәрібір ол қоймайды,  
Жүре беруін сүймендей,  
Бәлкім, осысынан да болар,  
Қырыққа келсе де жүр үйленбей.  
Біреуді біреуге айдап сап, өсек айтпаса,  
Ұйқысы, сірә, қанбайды.  
Ерні-басы жыбырлап  
Жабысып сізден қалмайды.  
«Заман азып барады» – деп  
Ақырзаманды орнатып  
Аһ ұрып, зарлайды.

\*\*\*

Иә, қазақ бекер айтпаған:  
«Ауру қалса да әдет қалмайды».

## ӨЛГЕН ҚАЙТА ТІРІЛІП...

Экранда соғыс жайлы фильм жүріп кетті.  
Ал, радиосында  
Шәуілдеп ит үріп кетті.  
Бірінші сериясында  
Басты кейіпкерімізге жаудың оғы тиіп,  
Ажал тырнағына іліккенді.  
Сөйтіп, көрермендердің  
Жүйкесін бір сіліккенді.  
Сөйтсек, бекер налыппыз,  
Фильмге сеніп қалыппыз.  
Екінші сериясында  
Әлгі кейіпкеріміз  
Немістерді алдына салып қуып барады,  
Алды-артына қарамай суыт барады.  
– Өмірде не болмайды,  
Өлген қайта тірілді, –  
Деп қуандық.  
Сөйтсек, пленкаларды ауыстырып фильм қойған  
Киномеханиктің ісі екен.  
Осыны біліп суалдық...

## БІЛМЕЙ ТҮР ЕКЕН

Кәне, тыңдаңдар құлақ салып,  
Бүгінгі оқитындарың -  
Мексика деген халық.  
Сол елді астанасымен,  
Кім картадан таба алады.  
Сол бала жақсы баға алады, -  
Деп еді мұғалім  
Картаны он бала жағалады,  
Бірақ бірі де таба алмады.  
- Мұғалімнің еңбегін ақтамағансыңдар,  
Тарихтан өткендерінді  
Есте сақтамағансыңдар.  
- Тарихтан өткеніміз жоқ әлі  
Картаны үйрететін  
География емес пе еді?  
- Әй, мұғаліммен егеспе енді.  
Ондайлар өсіп, жетілмейді.  
Таппасандар Мексиканы картадан,  
Бүгін сабақ өтілмейді.  
Оқушыларының сауатсыздығына  
Арқасы құрысып,  
Маңдайы тырысып,  
Мұғалім басын шайқап тұрды,  
Ашудан жарылуға шақ қап тұрды.  
Мұны оқушылары да байқап тұрды.  
Әшейінде күлегеш мұғалім  
Бүгін неге күлмей тұр екен.  
Сөйтсек, Мексиканын қайда екенін  
Картадан өзі де білмей тұр екен.

### ӨСЕКТИҢ «ӨРТІ»

Бұл өмірде тірі болған соң  
Домаланып жүре береді екенсің  
Ретті жерде күле береді екенсің.  
Күліп жүріп,  
Не бір қызықты коре береді екенсің.  
Жуырда мен күліп тұрып  
Қайтсем естимін деп  
Құлағымды түріп тұрып  
Екі жеңгейдің сөзін естідім.  
- Әй, осы Бәдік үйленіпті, рас па?  
- Расы рас,

Бірақ, әйелі есік көрген,  
Үш жерге барып келген  
– Масқара!

Әлгі біздің Тасқара,  
Тап сондайды әкеліп  
Бір қызық қылған.  
Әкесі «кіргізбеймін» деп,  
Баласының мұрнын бұзып тынған.  
– Әй, сен естідің бе?  
Жәкеңнің қызы қашыпты ғой...  
– Е, онда оны албасты басыпты ғой!  
Ертең онын қайтып келеді,  
Екі қап өсек айтып келеді.  
Мейлі егеспе, мейлі егес –  
Оның қыз емес.  
– Шын ба?  
– Өтірік айтып қайтем  
Көріпті ғой Зыпбике, тәтем.  
– О, Алла!  
– Ешкімге айтпа жарай ма?  
Әлгі...

\* \* \*

Бұдан әрі шыдай алмадым,  
Шыдамаған соң тындай алмадым.  
Мұндайлар арамызда кездеседі,  
Содан соң аттарын атай алмадым.

## КӨЗ ҚЫСЫП...

Жеңгей ағайға сенетін-ді.  
Ағай жұмыстан кейде ерте  
Кейде кештеу келетін-ді.  
Бір күні жеңгейдің құлағын сыбыс шалды,  
Сол-ақ екен  
Жеңгейдің денесі ысып  
Бірде мұздап құрыстанды.  
/Жел тұрмаса шөл басы қозғалар ма/,  
Жеңгей шақ қалды жынданарға.  
Содан қызғаныш оянды.  
Жеңгей шарт боянды.  
Бұл күнде жеңгей жорғасынан жаңылып жүр,  
Ағай әркімге бір «таңылып» жүр.  
Қазір жеңгей түлкідей құлпыратынды шығарды.  
Әлдебір сырын ағайдан жымқыратынды шығарды.

Есебім түгел деп  
Денесі от болып ысып жүр,  
Кей жігіттерге "көз қысып" жүр.

## ТЕКЕМЕТ

Қойлы ауылдс өскен Киізкүл,  
Бір күні несібесі шауып,  
Қалаңын дәл эртасынан жай алды.  
Жай емес-ау, түп-тура «май» алды.  
Олай емөй немене?  
Үйінің суы да ішінде,  
«Буы» да ішінде,  
Киізкүл мұндайды көрмеп еді түсінде.  
Мұны естісімен шешесі  
Ес-түсі қалмай қуанып,  
Артынып-тартынып жетті.  
Тіпті, күр сүлдері кепті.  
– Мына текемет үйіне әкелген жасауым әрі шашуым, – деді.

Қызы:

– Қойыңызшы, мама, келіп отыр ашуым, – деді.  
– Бізге жүн емес, керек қымбат гарнитур, кілем,  
Оны сендер бағалай білмейсіңдер, білем.  
Зачем, бізге кашыма,  
Онан да ақшасын әкел –  
Тым болмаса орамал алайын басыма –  
Деп еді шешесі шошына:  
– Қызым-ау, текеметке талай аунап едің,  
Текеметтің түріндей етіп,  
Сені жақсы әдетке баулап едім.  
Бұдан енді неге қашасың?  
Бұл да үйдің көркі.  
– Маған сыйлық керек емес жеңіл-желпі.  
Алмаймын да алмаймын.  
Мұны тіпті, есік алдына да салмаймын.  
Текеметінді жинап ал, – деп  
Қызы сый-сыяпаттан безіп отыр.  
Ал, шешесі өз қызын өзі танымай  
Мінезіне өзгер төзіп отыр.

## ОСЫНДАЙЛАР БҮЛДІРЕДІ

«Кешкі мектепке тексеру барады»  
Дегенді естіп Алмадан,  
Директор Мардан  
Мектепке келді жалма-жан.

Содан барлық мұғалімді шақырып,  
Былай деді ақырып:

Олар келгенде бәріміз дайын болайық,  
Алдарына иіліп, мәйін болайық,  
Кешке оқитын оқушылардың  
Қайткенде жиырмасы келетін болсын.  
Ал, ешкімді таппасандар,  
Қастарына келіншектерін еретін болсын.  
Журналдарға баға қойылатын болсын,  
«Екілік» атаулы жойылатын болсын.  
Бұрын сабақ отілімесе де,  
Кешкі мектептің құжаттары реттелсін.  
Екі-үш күнге ешәрселерің кетпейді,  
Осыдан күнелткенсін.  
Осылай әр мұғалімге «жедел тапсырма» жүктеп,  
Дем алды Мардан «үһ» деп.  
Комиссия келді ме, келмеді ме кім біледі.  
Біз білеміз:  
Кейбір маңызды істерді  
Осындайлар бүлдіреді.

## ЖАНБАҒАР

Бекеннің белінде желі бар,  
Тағы ауыратын бір-екі жері бар.  
Ол денсаулықты басты байлық деп бағалайды,  
Сондықтан жаз бойы курортты жағалайды.  
Барлық маңызды науқандар,  
Ол жоқта атқарылады.  
Мәліметтер де тап сол кезде ақтарылады.  
Қыңтарда аяз қысып бергенде,  
Көп мал жемшөп жетпей,  
Аштықтан әрі үсіп өлгенде,  
Тағысын тағы  
Қысылтаян кезең төнгенде  
Жоғарыға:  
«Мал азығын дайындау кезінде,  
Мен жоқ едім.  
Орнымдағылар оңды рмапты.  
Айтқанымды болдырмапты» –  
Деп ақтала отырып шағынады.  
Айтар басқа да сылтау табылады.  
(Өйтіп, бүйтіп жағынады).  
Содан ауданнан қайтып келіп,

Естігенін айтып келіп,  
“Менсіз” де күн коргенсіңдер,  
Жұмысты тоқтатпаңдар  
Мені жоқтатпаңдар,  
Сендер алмаған қандай қисмалдар бағ,  
Мен келгенше бір нәрсе етіп амалдандар» –  
Деп, денсаулығы болыңқырамай,  
Соған көңілі толыңқырамай,  
Баратынын айтып.  
Емханаға емделуге...  
Содан соң демалысқа кетеді,  
Біраз уақыт өтеді.  
Сонымен бәсекен,  
Көктемгі тол алу кезеңінен кейін жұмысқа келіп  
Бұйрығын тонналап беріп:  
«Не тындырдыңдар?» деп  
Қарамағындағыларды қырып-жойып,  
Жүндей түтіп жүр.  
«Ол қашан демалысқа кетеді» деп.  
Қарамағындағылар  
Асыға күтіп жүр...

## ТЕРІС ТҮСІНІК

Таяуда бастық қарамағындағыларға:  
– Шаруашылық жүргізудің  
жаңа жүйесіне көшеміз, – деді.  
Сөйтіп, көп проблеманы шешеміз деді.  
Бір тиын артық жұмсамаймыз,  
сондықтан ешкімге кетпейді есеміз, – деді.  
Содан отарларды аралап,  
шопандарға жаңа жүйені үйретіп қайтты.  
Бір фермадан әрі аса алмай  
күр сұлдерін сүйретіп қайтты.  
Жуырда біз  
Шопандарды аралап қайтайықшы деп,  
Олардағы бетбұрысты байқайықшы деп,  
Ертелетіп аттанып  
Шопан Топанның үйіне тоқтадық.  
Сөйтсек Топекен:  
– Қойды қолға қаратпаймын, – дейді,  
Шөпті қалайда жаратпаймын, – дейді.  
Өйткені, жемшөп жаратылса  
ақшасын менен алады екен.  
Қой жеген шөптің орыны

Сонымен толады екен,  
деп ол,  
нақты есепке ден қойып отыр.

Ал, оның отарынан  
күнде бір қой аштан өліп  
«амалсыздан» сойып отыр.  
Теріс түсінік таратып,  
осындай «үнемшілдікке» үйреткен  
Басекең,  
(Жүрегі қара тас екен).  
Айылын жимастан  
Актіге қол қойып отыр.

## М А З М У Н Ы

### Бірінші бөлім: Жалбақтау... қалбақтау...

Айықтырғыштағы «Жана жыл»	4
Мұнан да кешке келе ме?	5
Зәулім сарай	6
Дөң мінез	8
Сүріндірді «сұлулар»	9
Жалбақтау мен қалбақтау	11
Қазақтарды шетелдік қонақтарғатаныстыру	12
Соттай да, оттай да біледі	15
Егер мен депутат болсам	15
Желіккен кезде	17
Даңғырлақ	17
Бас бухгалтердің монологы	20
Ойыншық дарбыз	21
Тонын айналдырып кию	22
Автобустағы «бөжей»	24
Дыраудың демалысы	25
Кешір, доллар...	27
Секілдіміз...	28
Енесі де аң-таң	28
Кім қалай ару атанды?	30
Мен қалай коммерсант болдым	32
Әйелдерге әйдік әңгіме	35
Қанқу	36
Желіккен жеңгейлер	37
Біртүндік	39
Махаббаты – мансабы	40
Қурай бастық	41
Жымпи жым болды	43
Аттестациялаудың жана түрі	44

**Екінші бөлім:  
Емделіңіз... жөнделіңіз...**

Қалтарыстағы хал сұрасу	46
Құқайынан қорқамыз	46
Сыраханадағы сый	48
Карамель – кара бел	49
Ойлай ма екен?	51
Теспей сору	51
Папасының жауабы	53
Титық пен пышақ	54
Ата-ананың сабағы	54
Танысу	54
Қайынының қалжыны	55
Молда мен Төкен	57
Қысылғанда	58
Сыйлайды, қимайды	59
Төбемізді сыйып жүр	59
Шыбын жан	61
«Жарыс»	61
Қанға сіңген әдет	63
Кеше, бүгін	64
Амал	66
Қозы неге аз десек	67
Мешкейдің мұны	68
Аялдамадағы өңгіме	69
Жайлаудағы «концерт»	69
Үнемдеу	71
Ауру	71
Өлген қайта тіріліп...	72
Білмей тұр екен	73
Өсектің «өрті»	73
Көз қысты...	74
Текемет	75
Осындайлар бүлдіреді	75
Жанбағар	76
Теріс түсінік	77





**Олжабаев С.**

**МҮСӘТІР**

*Сын-сықақ өлеңдер (80 бет)*



---

**«Шекер» баспа фирмасы  
Президенті  
Нұрлан АТЫМТАЙҰЛЫ**

---

*Редакторы Әсет ӘССАНДИ*

*Техникалық редакторы Хамракул НАРМЕТОВ*

*Суретшісі Биболат РАБАТОВ*

*Операторлары Гүлдана ШЕЙЛОВА, Айша САБЫРҚЫЗЫ*

*Корректорлары Ержан БӘЖІР, Гүлмира МЕНЛІБЕКОВА*

---

Кітап теруге 1996 жылы 19 тамызда берілді,

1996 жылы 7 қыркүйекте басылды.

Қағазы газеттік, басылымы офсеттік. Есептік баспа табағы 5.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 2192. Бағасы келісім бойынша.

---

Шымкент қалалық баспаханасында басылды,  
Ж.Тәшенев көшесі, 24 үй.

